**Сақшылардың кәсіби шеберлігіне қатысты сын көп**



3-БЕТ

**Тұтынушылар өз құқығын қорғауда белсенді емес**



6-БЕТ

**Таңғы қоңырау**



8-БЕТ



«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ
БІЗГЕ 30 ЖЫЛ
1994-2024

zangazet@mail.ru
№80 (3709)
18 қазан 2024

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ДИПЛОМДЫ КАДРЛАР НЕГЕ ЖҰМЫССЫЗДАР ҚАТАРЫН ТОЛТЫРЫП ОТЫР?



**Елдегі мемлекеттік бағдарламалар аясында құрылатын жұмыс орындарының көбі уақытша. Жаңа жұмыс орындарының дені негізінен төмен және орташа өнім беретін секторларда құрылады әрі олар уақытша сипатқа ие.**

*(Соңы 3-бетте)*

• ПАРЛАМЕНТ

# АТҚАРУШЫ БИЛІКТЕГІ АЙЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ ТЫМ АЗ

**Елімізде әйелдердің дербес кадрлық резервін құру қажет. Сондай-ақ, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде гендерлік теңдік мәселелеріне жетекшілік ететін жауаптылар айқындалуы тиіс. Бұл мемлекеттік қызметтің барлық деңгейінде мониторинг пен бақылаудың тиімді тетігін енгізуге мүмкіндік береді және мемлекеттік органдарда байқалатын гендерлік теңгерімсіздіктің туындау тәуекелін барынша азайтады.**

Осы орайда  жергілікті деңгейде әйелдерге арналған квоталарды кеңейту және әйел көшбасшыларды оқыту бағдарламаларын қолдау бойынша жұмысты жалғастыру да айрықша маңызға ие. Бұл жөнінде Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның кезекті отырысында сенатор Ольга Перепечина мәлімдеді. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту мәселесі талқыланған болатын. Отырыс тізгінін Сенат төрағасы  Мәулен Әшімбаев ұстады.

Әйелдердің дербес кадрлық резервін құру жөніндегі ұсыныс қыз-келіншектердің шешім қабылдаудың барлық деңгейіне қатысуын қамтамасыз ету қажеттігі жайлы айтылды. Елімізде бұл тұрғыдағы көрсеткіштер тұрақты емес, сонымен қатар аяқ асты өзгеріске ұшырайды. Бүгінгі таңда саяси құқықтар мен гендерлік алшақтық индексінің мүмкіндіктеріне тең қол жеткізу өлшемі бойынша Қазақстан әлемнің 146 елінің ішінен 116-орында тұр. Тек соңғы бір жылда еліміз 16 позициядан айырылыпты.

Қазіргі уақытта ел Парламентінде әйелдердің үлесі 18,9 пайыз деңгейінде. 2021 жылы бұл 25 пайыз еді. Бұл тұрғыда көрші елдер озық тұр. Мәселен, Өзбекстан Парламентіндегі  әйелдер үлесі – 34 пайыз, Тәжікстан заң шығарушы ұйымында – 27 пайыз,  Қырғызстанның депутаттар корпусындағы әйелдер үлесі – 21,1 пайыз. Үкіметтегі әйелдердің саны жағынан да арттамыз. Нәзік жандылардың атқаушы биліктегі үлесі небары 14,3 пайызға тең.

*(Соңы 2-бетте)*

• ТҰЛҒА

# СҰЛТАН САРТАЕВ – ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

**25 қазан – Қазақстанның тәуелсіздікке алғашқы қадамдарын еске салатын Республика күні. Бұл күн біздің елдің егемендікке деген ұмтылысын, мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңін және сол жолда еңбек еткен қайраткерлердің есімін еске салады. Қазақстанның құқықтық жүйесінің негізін қалаған көрнекті тұлғалардың бірі – академик Сұлтан Сартаев. Ол тәуелсіз Қазақстанның саяси-құқықтық реформаларының бел ортасында жүріп, егемендіктің заңнамалық негізін қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосты. Республика күні қарсаңында ғалымның құқықтық жүйеге қосқан еңбектеріне қайта назар аудару ерекше маңызды.**



Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы тарихы еліміздің егемендігін құқықтық тұрғыда бекіткен қайраткерлердің зор еңбегімен тікелей байланысты. Солардың бірі – академик, заң ғылымдарының докторы, профессор Сұлтан Сартаев. Ол Қазақстанның құқықтық іргетасын қалауда, егемендігімізді нығайтуда маңызды рөл атқарды.

1990 жылдары Қазақстанның егемендікке бет алған кезеңінде Сұлтан Сартаев алдыңғы қатардағы құқықтанушы ретінде елдің саяси-құқықтық негізін қалауға атсалысты. Ол осы күрделі саяси процестердің басы-қасында жүріп, мемлекеттіліктің құқықтық негіздерін қалыптастыруға белсене кірісті. 1990 жылы қабылданған «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» ел тәуелсіздігі жолындағы алғашқы құқықтық құжаттың бірі. Бұл декларацияны әзірлеу барысында С.Сартаевтың құқықтық көзқарасы мен ұстанымы басты орында болды.

С.Сартаев мемлекеттілік жолындағы күресте маңызды құжаттарды әзірлеумен ғана шектелмей, елдің құқықтық жүйесін қалыптастыруда, әсіресе, егемендік жылдарында мемлекеттің демократиялық негіздерін орнықтыруда белсенділік танытты. Ғалым тек мемлекеттіліктің құқықтық негізін қалап қоймай, ұлттық тілдің мәртебесін көтеруге де зор үлес қосты. Кеңес Одағының әкімшіл-әміршіл жүйесінде қазақ тілі қоғамдағы ресми қолданыс аясы шектелген болатын. Осы қиын кезеңде С.Сартаев «Тілдер туралы» заңды әзірлеуге белсене қатысып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына зор еңбек сіңірді. Бұл заң тәуелсіз Қазақстанның басты құжаты ретінде халықтың тілге деген құқығын қорғауды және мемлекеттік тілді қолдануды заңнамалық деңгейде бекітті.

С.Сартаев мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты заңдарды әзірлеуге де қатысты. 1993 жылы алғашқы Конституцияның қабылдануы елдің саяси-құқықтық өміріндегі аса маңызды қадам болды.

*(Соңы 5-бетте)*

• СОТ МІНБЕРІ

**Халықпен тікелей жұмыс істейтін құзырлы мекеме қызметкерлерінің барлығы әдептілік шеңберінен аттамауы керек. Себебі, біздің қызметіміздің негізгі тұтынушысы – халық.**

# ЖАҢА ӘДЕП КОДЕКСІ – СУДЬЯЛАРДЫҢ БАСТЫ БАҒДАРЫ

Елімізде Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі бар. Бұл Қазақстандағы халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік қызметшілердің моральдық бет-бейнесіне жоғары талаптар белгілейтін бірегей кодекс. Демек, біздің жұмыстағы өзгеріс те, жаңашылдық да халықтың қалауына сай өзгеріп, жаңғырып отыруы тиіс. Судьялардың Әдеп кодексіне қатысты да осындай талапты атауға болады.

Судьялардың әдебі кодексі – судьялардың кәсіби және қызметтен тыс өміріндегі мінез-құлықтарының этикалық ережелерін анықтайтын сот қауымдастығының маңызды құжаттарының бірі.

Ең алғашқы судья әдебі кодексі 1996 жылы 19 желтоқсанда өткен судьялардың I съезінде қабылданды. Осы құжатта бірінші рет судьялардың кәсіби және қызметтен тыс өміріндегі мінез-құлқына қатысты этикалық ережелер топтастырылды. Әрбір қазының бағдарына айналған бұл кодекс бар болғаны 7 баптан құралған еді. Онда қызметтегі және доғарыстағы судьялардың ар-ождан қағидалары, этикалық міндеттемелері толық ескерілген.

Судьялық этика кодексі сот жүйесінің әділдігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін судьялардың этикалық нормалары мен мінез-құлық ережелерін белгілейді. Сот төрелігі әділетті және тәуелсіз сот жүйесінсіз өмір сүре алмайды, оның негізгі буыны судья болып табылады. Әділ және салмақты шешім қабылдау үшін сот төрелігін жүзеге асырған кезде судья белгілі бір деңгейдегі құқықтық білімге ие болып қана қоймай, сонымен бірге жеткілікті өмірлік тәжірибеге де ие болуы керек.

Заңдық құжаттардың заман қажеттелігіне орай өзгеріп, толықтырылып отыруы қалыпты жағдай. Оның үстіне, заңмен тікелей жұмыс істейтін судьялар қауымының әдептілік өлшемдерінің де жыл өткен сайын жетілдіріліп, толықтырылып отыруы аса маңызды. Соған орай уақыт ағымына, заман өзгерісіне, қоғамның қажеттілігі мен азаматтардың талап-тілегіне орай судьялардың Әдеп кодексі 2009 және 2016 жылдары жаңа келбетке ие болды.

Биыл республика судьяларының IX съезінде көпшілік қалауымен қабылданған жаңа Әдеп кодексінің де дайындалуына бүгінгі сандық технология сабақтары, ақпараттық белсенділік әсер еткен еді.

Әдеп кодексі – судьялар корпусы тарапынан ең көп талқыланған, ең көп ұсыныс-пікір айтылған құжаттың бірі. Судьялардың этикалық бағдарына айналған бұл құжатты сапалы дайындауға Парламент депутаттары, прокуратура, адвокатура өкілдері, құзырлы орган қызметкерлері мен заңгерлер, медиаторлар, ғалымдар да айтарлықтай үн қосты. Еліміздің түкпір-түкпірінде ұйымдастырылған басқосуларда әдептілік нормаларына қатысты алуан түрлі пікірлер айтылып, оның бәрі құжатты зерделеуде басшылыққа алынды. Осындай терең талқы, мықты сүзгіден өткендіктен болар, Әдеп кодексіне Мемлекет басшысы да жақсы пікір білдірді.

2024 жылғы 4 қазанда судьялардың IX съезіне қатысқан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев судьялардың өз ісіне адалдық танытып, бейтараптық пен әділдіктің эталоны болуы керектігін атап өтті. Осы ретте судьялардың этикалық нормаларды сақтауының маңызы зор. Ал оның механизмі толықтай Әдеп кодексінде жинақталған.



**Светлана ЖУЫНТАЕВА,**
**Қызылорда облыстық сотының судьясы**

Құжаттың басты басымдықтарын тілге тиек еткен Президент алқалы жиында «Судьялардың жаңа Әдеп кодексін қабылдауды қолдаймын. Бұл құжат судьялардың мінез-құлқының жоғары стандарттарын бекітуге және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдімін», – деп ойын бекітті.

Жаңа Әдеп кодексінің басымдықтары аз емес. Мәселен, осы кодекстің ережелері судьялардың әдеп нормаларын бұзғаны, олардың судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін шағымдарды, өтініштерді шешу барысында судьялардың тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтіндей және жалпы сот жүйесінің беделін түсірмейтіндей етіп түсіндірілуі және қолданылуы тиістігі атап көрсетілген.

Сонымен бірге, кодекстің 7-бабының 5-тармағында судья өз шешімдерінде көпшілік білдірген сын-пікіріне жауап қайтармауы тиіс, көпшіліктің сын-пікірін тыңдап, өз қызметіне сындарлы сын-пікір мен оның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне әдейі нұқсан келтіретін өрескел негізсіз айыптаулар арасындағы айырмашылықты ажырата білуі қажет, азаматтар және жұртшылық тарапынан судьяның қызметтік іс-әрекетіне әдейі өрескел негізсіз айыптаулар тағылған жағдайда, ол немесе судьялар қоғамдастығының органдары судьяның тәуелсіздігіне деген қоғамның сенімін нығайту және сот жүйесінің беделін түсірмеу үшін судьяның заңды шешіміне жария түрде түсініктеме беру жөнінде сот төрағасына өтініш жасай алады деген жаңа норма енгізілген.

Сондай-ақ, кодексте Судья әдебі жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің не Сот жюриінің судьяның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасау фактісінің болуы немесе болмауы туралы сұрау салуына (өтінішіне) белгіленген тәртіппен қорытынды беретіні туралы жаңашылдық көзделген.

Қоғамдық қызметте және күнделікті өмірде судьяның іс-әрекеттері лауазымына сәйкес келуі керек. Ол өзінің антына адал болып, этика нормаларын мүлтіксіз сақтауы тиіс. Кез келген іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде теріс әрекеттерге жол бермеуі керек. Судьяның әрекеті сот билігі беделінің төмендеуіне және судьяның абыройына нұқсан келтірмегені жөн.

Әдеп кодексі тәртіптік жаза белгілеудің ережелері мен тыйымдарын қамтиды, сондай-ақ ол судьяның күнделікті міндеттерін тиісінше орындауына арналған нұсқаулық болып табылады. Жалпы алғанда, судья этикалық нормаларды тәуліктің 24 сағатында сақтауға міндетті. Себебі, судьяның имиджі шығарылған шешімдеріне ғана емес, оның күнделікті өмірде, қоғамдық салада этикалық нормаларды сақтауымен де тамырлас. Жаңа кодексте судья өмірінің қоғамдық және жеке салаларын дәлірек ажыратуға, судьяның мінез-құлық ережелерін сақтау үшін дұрыс тұжырым табуға мән берілді. Сондай-ақ судьялардың қоғамдық ақпараттық қызмет пен жеке өмірдегі мінез-құлық ережелерін реттеу қажеттілігі туралы пікірлер жан-жақты ескерілген.

Судьялардың әдептілік қағидалары жинақталған кодекс – қызметтегі судьялар мен сот ардагерлерінің бағдары, айнасы іспеттес. Себебі, осы кодекстің күші Қазақстан Республикасының судьяларына, соттардың төрағаларына, сот алқаларының төрағалары мен отставкадағы судьяларға, олардың Конституциялық заңда белгіленген мәртебесі ескеріле отырып қолданылады. Зор еңбек, үлкен ізденіспен дайындалған Әдеп кодексі судьялардың қорғаны ғана емес, сот беделін нығайтудың құралы боларына сенеміз.

• ПАРЛАМЕНТ

# АТҚАРУШЫ БИЛІКТЕГІ АЙЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ ТЫМ АЗ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



2020 жылы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің квазимемлекеттік сектор компанияларының басқарушылық деңгейіндегі өкілдігін 30 пайызға жеткізуді тапсырған еді. Алайда, Zertteu институтының өткен жылғы талдауы ұлттық компаниялар әлі де басқарудағы гендерлік паритетке қолжеткізе алмағанын көрсетті. Директорлар кеңесінің 178 мүшесінің тек 23-і ғана әйел, яғни, небәрі 13 пайыз. Саяси ерік-жігер мен құқықтық негіздің болуына қарамастан, әйелдердің шешімдер мен заңдар қабылдау деңгейіне, сондай-ақ мемлекеттік компаниялардың топ-менеджментіне қатысуы өте төмен болып отыр.

Шын мәнінде жиында Мәулен Сағатханұлы атап өткендей, әйелдердің құқығы мен мүмкіндігіне қатысты мәселе орнықты дамудың барлық он жеті мақсатын іске асыруға тікелей әсер етеді. Сондықтан экономикалық дамуды айтарлықтай ынталандыруға және елдегі өсуді арттыруға қабілетті әйелдерді іскерлік белсенділікке кеңінен тарту қажет.

Жалпы халқымыздың 50 пайыздан астамы әйелдер. Ал, бұл халықтың 10 миллионнан астамы деген сөз. Қазақстанның жаңа экономикалық модельге көшуі және Мемлекет басшысының 2029 жылға қарай ЖІӨ-ні екі есеге арттыру бойынша қойған міндеттері осы уақытқа дейін жеткілікті түрде тартылмаған экономикалық сектордағы әйелдер әлеуетін белсенді пайдалану қажеттілігін тудырады. Атап айтқанда, бұл жұмыспен қамту мәселесіне қатысты. Бүгінгі таңда әйелдер арасындағы жұмыссыздық үлесі 5,3 пайыздан асады, ал ерлер арасында шамамен 4,2 пайыз деңгейінде. Табыстың айтарлықтай айырмашылығы бар. Соңғы мәліметтер бойынша, ер адамдар орташа есеппен әйелдерге қарағанда жалақыны 25,7 пайызға көп алады. Жалақы алшақтығы көбінесе еңбек нарығындағы сегрегациямен байланысты. Бұған әйелдердің негізінен әлеуметтік және жалақысы төмен қызмет көрсету саласында, ал ерлердің жоғары жалақы алатын технологиялық салаларда жұмыс істейтіндігі себеп.

Перепечинаның айтуынша, тағы бір маңызды фактор – «ана болу үшін айыппұл». Әйелдер бала күтімі мен толық емес жұмыс уақытындағы үзілістерге байланысты жалақысы мен мансаптық өсуде кедергіге тап болады. Бала күтіміне арналған демалыс әйелді экономикалық тұрғыдан осал етеді. Жәрдемақының бала 1,5 жасқа толғанға дейін ұзартылғанына қарамастан, олардың мөлшері толыққанды күтімді қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. 1,5 жылдан кейін әйелдердің көпшілігі жұмысқа шыққысы келгенімен, балабақшаға қабылданудың ресми жасы – 2 жыл. Сонымен қатар, әсіресе мегаполистерде мектепке дейінгі мекемелерде орын тапшы. Мысалы, тек елордада 57 мыңнан астам бүлдіршін балабақша кезегінде тұр. Осыған байланысты, мектепке дейінгі ұйымдар қызметіне қолжетімділікті кеңейту, сондай-ақ ұйымдар жанындағы корпоративтік балабақшалар мен бөлмелер тәжірибесін енгізу және масштабтау мүмкіндігін қарастыру өте маңызды. Бұл тәжірибе дамыған елдерде белсенді қолданылады және оң нәтиже көрсетеді.

Тағы бір шара әр отбасы үшін мемлекеттік сертификатталған күтушілер институтын енгізу өзекті. Мұндай құралдарды пысықтау және енгізу әйелдердің экономикалық өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді және туудың төмендеуіне әсер етпейді.

Тұрақты даму мүмкіндігінің тағы бір көрсеткіші күтім экономикасына және ақысыз үй еңбегінің құндылығына арналған. Перепечина ханымның айтуынша, Қазақстанның әйелдері ақы төленбейтін жұмысқа еркектерге қарағанда үш есе көп уақыт, нақтырақ айтқанда күн сайын 6-дан 8 сағатын жұмсайды. Бұл теңгерімсіздік те әйелдердің жұмыс күшіне толық қатысу және мансаптық өсу қабілетін шектейді. Халық құрылымындағы егде жастағы адамдардың өсіп келе жатқан үлесін ескере отырып, біздің осы санаттағы азаматтарға күтімді институционализациялау бойынша шаралар қабылдау қажет. Әйтпесе, күтім ауыртпалығы әйелдердің мойнына түседі.

Перепечина назар аудартқан тағы бір маңызды мәселе – гендерлік статистика. Сенатор бұл орайда гендерлік деректерді жүйелі түрде жинау және талдау билік пен азаматтық қоғамға гендерлік алшақтықты жоюға бағытталған бағдарламалар мен саясатты дәлірек тұжырымдауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бүгінде гендерлік-бөлшектелген деректердің болмауы ерлер мен әйелдердің жыл сайынғы скринингтермен қамтылуын, қыздардың бұқаралық спорттағы және қосымша білім беру саласындағы үлесін, әйелдердің мемлекеттік сатып алуға қатысуын және тағы басқа бағалау шараларын қиындатады. Мұндай деректерсіз тиімді саясатты әзірлеу қиын.

Жалпы табыстағы гендерлік алшақтық пен әйелдердің еңбек нарығындағы мүмкіндігінің шектелуі – әділетсіздік қана емес, Қазақстанның экономикалық өсуіне елеулі кедергі. Сондықтан орнықты даму жолында әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін қамтамасыз ету кезек күттірмейді.

*Қазіргі уақытта ел Парламентінде әйелдердің үлесі 18,9 пайыз деңгейінде. 2021 жылы бұл 25 пайыз болған. Бұл тұрғыда көрші елдер озық тұр. Мәселен, Өзбекстан Парламентіндегі әйелдер үлесі – 34 пайыз, Тәжікстан заң шығарушы ұйымында – 27 пайыз, Қырғызстанның депутаттар корпусындағы әйелдер үлесі – 21,1 пайыз. Үкіметтегі әйелдер саны жағынан да арттамыз. Нәзік жандылардың атқаушы біліктегі үлесі небары 14,3 пайызға тең.*

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ДИПЛОМДЫ КАДРЛАР НЕГЕ ЖҰМЫССЫЗДАР ҚАТАРЫН ТОЛТЫРЫП ОТЫР?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында Мәжіліс төрағасының орынбасары Дана Еспаева мәлімдеді. Дәстүрлі жиын «Қазақстанның еңбек нарығын дамыту және кадрлық әлеуетін күшейту» мәселесіне арналып, онда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова осы мәселе бойынша есеп берген болатын.

Жиын тізгінін Еспаева ханым ұстап, жоғарыда айтылған мәселеге қатысты біраз мәліметті ортаға салды. Оның айтуынша, мысалы, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында ашылған 1,5 мың жұмыс орнының 90 пайызы уақытша, ал «2021 – 2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамыту» жобасы бойынша ашылған 67 мың жұмыс орнының 81 пайызы маусымдық. Сонымен бірге, Қазақстанда бейресми экономиканың жоғары үлесі және халықтың мемлекеттік қолдауға тәуелділігінің өсуі сақталуда. Ерекше алаңдаушылық тудыратыны – жастардың жұмыссыздығы. Бұл жағдай еңбек нарығына жастардың жыл сайынғы 300 мыңнан астам болжамды ағыны есебінен қиындайтын болады. Мәселе білім беру жүйесінен еңбек нарығына көшу сатысында басталады. Өйткені, мұнда жастар білім беру арқылы не өз дағдыларын жетілдіре алмайды, не жұмысқа орналасу арқылы тәжірибе жинай алмайды. Ал, мемлекет еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру үшін жыл сайын жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқу үшін гранттар береді. Биыл жоғары оқу орындары шамамен 74 мың, ал колледждер 143 мың жаңа студентті қабылдады. Алайда, оқуды аяқтағандардың барлығын жұмысқа орналастыру мүмкін емес. Айталық, 2023 жылы колледж түлектерінің 40 пайызы мамандығы бойынша жұмысқа орналаспады. Өкінішке қарай, мемлекеттік органдар жоғары оқу орындары түлегінің жұмысқа орналасуына қатысты нақты жағдаймен таныс емес. Бұл түлектердің жұмыссыздар қатарын толықтыруына немесе кез келген жерде жұмыс істей беруіне алып келеді. Олардың бір бөлігі мемлекеттік қолдауға қайта жүгінуге мәжбүр, оған тағы да бюджет қаражаты жұмсалады.



Мұндай мәселенің барын министр де жасырмады. Керісінше, олқылықтардың жай-жапсарын аша түсті. Светлана Қабыкенқызының да сөзінен түйгеніміз, соңғы он жылғы статистика мемлекеттің кәсіпкерлікті дамытуға және индустрияландыруға бағытталған бағдарламалардың әсері жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр. Мәселен, экономиканы ынталандыру бойынша қабылдаған белсенді шараларға қарамастан, жеке бизнестің жаңа жұмыс орындарын құруға қосқан үлесі шамамен 20 пайыз ғана.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта жұмыс күші аграрлық саладан қызметтер мен саудаға көшуде. Бұл негізгі сын-қатерлердің бірі. Екінші сын-қатер – формальды емес жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі. 2023 жылы нақты зейнетақы аударымдарының деректері бойынша есептелген еңбекақы төлеу қорының көлемі 20 трлн теңге. Ұлттық статистика бюросының бағалауы бойынша еңбекақы төлеу қоры – 38 трлн теңге болды. Еңбекақы қоры бойынша деректердің едәуір алшақтығы сауда, ауыл шаруашылығы және жылжымайтын мүлік секторларында байқалады.

Министрліктің ай сайынғы дереккор мониторингі ұлттық жобалар шеңберінде жұмысқа орналастырылған әрбір төртінші адамның міндетті зейнетақы жарнасы жоқ екенін көрсетіп отыр. Үшінші сын-қатер – экономиканың орта кәсіптік білімі бар кадрларға деген өсіп келе жатқан қажеттілігі. Бұл орайда бизнес тарапынан сұраныс пен жұмыс күшіне ұсыныс арасындағы сәйкессіздік байқалып отыр.

*Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін елдерде 200 мың қазақстандық жұмыс істейді, бұл іс жүзінде бүтін бір саламен тең. Көптеген отандасымыз Оңтүстік Кореяда еңбек етуде. Ол аздай, соңғы кездері Англияда «құлпынай теріп жүрген» азаматтар көбейіп кеткен. Біздің елдің азаматтары жұмыс істейтін барлық мемлекетпен, тіпті ол мемлекетте 1 ғана отандасымыз жұмыс істейтін болса да, олардың құқықтарын қорғау бойынша келісім жасау қажет. Бұл бағыт бойынша да нақты саясат пен шаралар әлі жеткіліксіз.*

Кәсіптік-техникалық білімі бар мамандарға сұраныс жоғары білімі бар түлектерге деген қажеттіліктен 70 пайызға артық. Біліктілігі орташа және жоғары деңгейдегі жұмыс күшіне ұсыныс көлемі бірдей болып қалуда. Төртінші сын-қатер – ағымдағы және болашақ жұмыс күші сапасының қанағаттанарлықсыз болуы.

Бұл жағдайдан шығудың бірден бір жолы – тиімді, әділ және серпінді еңбек нарығын құру, азаматтарымыздың өмір сүру деңгейін арттыруды қамтамасыз ету болса, құзырлы орын бүгінгі таңда бұл мақсатқа жетудің бес бағытын анықтапты. Министр ханым оларға да тоқталды.

Біріншісі – мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін арттыру. Бұл еңбек ресурстарын жоспарлауды жақсартумен және жаңа жұмыс орындарын құру арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Екіншісі – сапалы жұмыс орындарының санын ұлғайту. Бұл экономикалық дамудың және халықтың табысын арттырудың маңызды өлшемшарты.

Үшіншісі – кадрлық әлеуетті күшейту, яғни, экономиканы тез өзгеретін технологиялық орта жағдайында міндеттерді тиімді шешуге қабілетті білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

Төртінші – жұмыспен қамтуды заңдық тұрғыдан ресімдеу. Бұл бағыт жұмыскерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуді көздейді. Жұмыспен қамту форматтары әртараптандырылған қазіргі заманғы еңбек нарығында формализация барлық қатысушылар үшін әділ жағдай жасауға көмектеседі.

Бесінші – жұмыспен қамтудың экожүйесін дамыту. Еңбек министрлігі өткен жылы еңбек саласының «ақ дақтарын» цифрландыру бойынша үлкен жұмыс атқарыпты. Қазір онда нақты уақыт режимінде еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерін көруге мүмкіндік бар. Жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізу құзырлы орынға ықтимал проблемаларды алдын ала көруге және уақтылы шаралар қабылдауға, бұзушылықтарды анықтауға әрі анағұрлым сапалы болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Енді осы мақсаттарға қол жеткізу үшін еңбек нарығының нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру қажет. Министр ханым депутаттардан осы тұрғыда қолдау сұрады.

Еңбек нарығы, кадрлық әлеуетке қатысты біраз мәселені жиында қосымша баяндама жасаған Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов ортаға салды. Асхат Қанатұлы да жылдам технологиялық прогресс еңбек саласында жаңа сын-қатерлерді әкелгенін атап көрсетіп, нақты мәліметтерді ортаға салды. Олар еңбек нарығының болашағына қатысты еріксіз алаңдаушылық туғызады. Жаңа мамандықтар пайда болып, кейбір «зейнеткер мамандықтардың» жай ғана «жойылып» жатқаны белгілі. Осының салдарынан Қазақстандағы жұмыс орындарының 52 пайызы автоматтандырылу тәуекеліне ұшырауы мүмкін. Алдағы 15-20 жылда жұмыс орындарының 14 пайызы жойылса, тағы 32 пайызы қатты өзгеруі ғажап емес.

Аймағамбетов мырза да жұмыспен қамтудың 50 пайызына жуығын бизнес емес, мемлекет қамтамасыз етіп отырғанына назар аударды. Бұл ретте ол мемлекеттік қолдау шараларына, триллиондаған несие және триллиондаған салықтық жеңілдікке қарамастан, жеке кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер тек 2,8 миллион жұмыс орнын немесе жұмыспен қамтудың 33 пайызын ғана қамтамасыз етіп отырғанын орынды атап көрсетті. Ұлттық жобалардың сапалы жұмыс орындарын жеткілікті қамтамасыз ету үшін заңнамалық деңгейде жаңа өндіріс ашатын немесе инвестициялық жобаны іске асыратын барлық тұлғалар үшін міндетті түрде жұмыс орындарын құру, сондай-ақ жергілікті жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру талаптарын бекіту, дәл осы факторға байланысты оларға салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру мәселесі қарастырылуы қажеттігін мәлімдеді.

Асхат Қанатұлы еңбек нарығындағы мигранттар факторына да назар аударды. Бұл орайда депутат мигранттардың еңбек нарығындағы үлесі туралы нақты мәліметтер жоқтығын, жалпы еңбек миграциясының өсуі – жаһандық трендтердің көрінісі екендігін, сондықтан оны басқарып, реттеудің қажеттігін атап көрсетті. Сонымен қатар басқа елдерге жұмысқа шығатын азаматтарымыздың құқықтарымен жеткілікті айналыспайтынымызды да ортаға салды. Оның айтуынша, тек Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін елдерде 200 мың қазақстандық жұмыс істейді, бұл іс жүзінде бүтін бір саламен тең. Көптеген отандасымыз Оңтүстік Кореяда еңбек етуде. Ол аздай, соңғы кездері Англияда «құлпынай теріп жүрген» азаматтар көбейіп кеткен. Біздің елдің азаматтары жұмыс істейтін барлық мемлекетпен, тіпті ол мемлекетте 1 ғана отандасымыз жұмыс істейтін болса да, олардың құқықтарын қорғау бойынша келісім жасау қажет. Бұл бағыт бойынша да нақты саясат пен шаралар әлі жеткіліксіз.

Тоқетерін айтқанда, бұл жиында еңбек нарығына қатысты біраз шаруаның бағыты айқындалды. Енді соның бәрі сөз жүзінде қалмай, нақты іске тұғыр болса, қане!

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

• МӘСЕЛЕ

# САҚШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ СЫН КӨП

**Алматы облысындағы Талғар ауданының аты соңғы онкүндікте бұқаралық ақпарат құралдары мен түрлі әлеуметтік желілерде жиі айтылып, жазылуда. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дегендей бұл жолы ол жақсы жағынан емес, аудандағы құқық қорғау органдарының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қылмыспен күрестегі қызметіне үлкен сынақ болды.**

Мемлекет басшысы да биылғы жолдауында азаматтардың қауіпсіздігі мәселесін ерекше атап өтіп, құқық қорғау органдары кәсібилік, батылдық және табандылық танытуы керектігін айтқан еді. Алайда, асқан қатігездікпен өлтірілген 16 жасар Шерзаттың өлімі мен оған қатысы бар адамдардың қылмыстық іс-әрекетін әшкерелеуде жұртшылық арасында құқық қорғау органдарының қызметіне сын көп. «Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады» дегендей, бұл елдегі заң мен тәртіптің статистикалық көрсеткіштеріне қатысты да күдік тудыруда.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазір «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Осы заңның талаптарын орындау үшін қоғам мен мемлекеттік аппарат күш жұмылдыруы керек. Сонда ғана жағдайды түзетіп, заң үстемдігін және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

Президенттің осы негізгі сұраныстарды жайдан-жай айтпағанын Талғардағы шулы қылмыс тағы да дәлелдеді. Өйткені биылғы 9 айда республикада 105672 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Ең көп қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелген өңірлер үштігін Алматы (19147) мен Астана қалаларын (14382) ғана алға салып, Алматы облысы (8546) түйіндеген. Ал Алматы облысындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бойынша Талғар ауданы (1661) Қарасай ауданынан (2450) кейінгі екінші орынға жайғасқан.

Осы арада биыл елімізде 9 айдағы қылмыстық құқық бұзушылық құрылымында кісі өлтіру (ҚР ҚК 99-б.) өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,4 пайызға немесе 336-дан 344-ке дейін өскенін де айта кеткен жөн шығар. Өйткені, кісі өлтіру статистикасы бойынша Алматы облысы еліміздегі ең ірі мегаполис Алматы қаласымен (34) теңесіп, республикада алдыңғы орында тұр. Өңірде кісі өлтіру істерінің оны – Қарасайда, алтауы – Іледе, ал Еңбекшіқазақ пен Талғарда бес-бестен, төртеуі – Жамбыл, екеуі Балқаш ауданында тіркелген. Осы арада Алматы облысында кісі өлтіру бойынша 2018 жылы 109 қылмыс тіркелгенін және оның 2019 жылы – 64, 2020 жылы – 51, 2021 жылы – 64, 2022 жылы – 43, 2022 жылы – 35-ке дейін азайғанын да айта кеткен артық болмас. Алайда бұл жағдай өңірдегі полиция, прокуратура, сот сияқты ерекше өкілеттікке ие құқық қорғау органдарының жұмысына баға беруге жеткіліксіз болып тұр.

Оны Шерзаттың өлімін зерттеуге қатысты жұртшылық арасындағы белең алған алаңдаушылыққа байланысты құзырлы орган басшыларының мәлімдеме жасауға мәжбүр болуы және бұл іске аудан мен облыс қана емес, республика деңгейіндегі тергеушілердің тартылуы көрсетіп отыр.

Бұл істе қылмыстың тез ашылып, әшкереленгенін қаламайтын арандатушылардың да бары байқалып қалды. Сондықтан жәбірленушілерге белгісіз адамдар тарапынан жасалған қоқан-лоқының артында кім тұрғанын анықтау жұртшылық үшін де, құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін де маңызды. Егер күдіктілерге ғана жаза белгіленіп, Шерзаттың ата-анасының үйін өртегендер жазадан сытылып кететін болса, әділдік пен қауіпсіздік мәселесіндегі жұмыстардың бір адым алға, екі адым артқа кеткенін көрсетеді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

• ПӘРМЕН

**Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді алаңдатып отыр. Тәртібі қиын баланың есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейім болатынын ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.**

# БАЛАНЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ



Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар каникулға шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқықбұзушылықтар демалыс уақытында көп тіркеледі. Тәртіп сақшылары қанша жерден жұмыс істеп жатырмыз десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту күн тәртібінде тұр.

Жасөспірімдер тәртібіне қатысты назарда тыс қалып келе жатқан тағы бір мәселе – колледждерде білім алушы жастардың жайы. Көптеген оқушылар 9-сыныпты аяқтаған соң, білімін колледждерде жалғастыратыны белгілі. Демек, олардың оқушылар да кәмелетке толмағандардың қатарына жатады. Бірақ Қазақстандағы колледждерде арнайы инспекторлар жұмыс істемейді. Колледжде әлдеқандай заң бұзушылық бола қалса, ондағылар колледж орналасқан ықшамаудандағы полиция бекетіне барып арыздануға мәжбүр.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен болған әңгімеден аңғарғанымыз, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың құпиясы тез ашылады. Өйткені олар қылмысқа балалықпен, аңғалдықпен ұрынады. Демек, қылмыстың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі ата-ананың, мектеп пен құқық қорғау органдарының бірлескен іс-қимылына байланысты екенін есте ұстау керек.

**А.БОЛАТОВА,**
**Маңғыстау облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы**

• ТУРНИР

# ӘРІПТЕСКЕ ҚҰРМЕТ




**Зулап өтіп жатқан уақыт. Кеше ғана арамызда жүрген Болатбеков Ақылбек Болатбекұлының дүниеден өткеніне, міне, үш жыл толып отыр. 2021 жылдың қазан айында мезгілсіз өмірден озған Ақылбек Болатбекұлының еңбек жолы Арал аудандық сотында өтті. 2008 жылы аудандық сотқа қызметке келіп, сот отырысының хатшысы, бас маман-аға сот приставы қызметтерін атқарды.**

Ақылбек Болатбекұлын еске алу құрметіне орай 12 қазан 2024 жылы Арал қаласындағы орталық спорт кешенінде шағын футболдан турнир өткізілді. Аталмыш турнирге Қызылорда облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің, Арал аудандық сотының, аудан әкімдігінің, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерінен және достарынан құралған 8 команда қатысты.

Аудандық сот ұжымы, сондай-ақ тіршілігінде онымен араласқан, үзеңгілес болып, қатар жүрген жандар да жарыстың басы-қасынан табылып, әдемі ойын көрсетіп, естеліктерімен бөлісті.

Турнир қорытындысы бойынша I орынды Қызылорда облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің командасы иеленсе, II және III орындарды №19 Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар, жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушылары мен банк құрамалары бөлісті.

Жеңімпаздар мен жүлдегер командалар жарыс кубогымен, дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

**Арал аудандық сотының баспасөз қызметі**
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

• БАСТАМА

**Кассациялық сотты құру – Мемлекет басшысының тапсырмасы. Кассациялық соттар – сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз ететін жоғары деңгейдегі инстанция болып табылады.**

# СОТТАҒЫ **СОНЫ РЕФОРМА**

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде кассациялық соттар азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және өзге де істер бойынша заң нормаларының дұрыс қолданылуын бақылау, құқық бұзушылықтарды анықтау және оларды түзету мақсатында қызмет етеді. Кассациялық соттар сот жүйесінің соңғы кезеңдерінің бірі ретінде маңызды рөл атқарады, себебі олар төменгі деңгейдегі соттардың шешімдеріне құқықтық баға беріп, олардың заңдылығын тексереді.

Кассациялық соттардың негізгі міндеттеріне құқықтық нормалардың дұрыс қолданылуын қадағалау, сот жүйесінің біркелкілігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау, құқықтық қателіктерді түзету жатады. Бұл сот жүйесіндегі қателіктерді болдырмауға және әділ шешімдер шығаруға мүмкіндік береді.

Кассациялық соттың қызметі басқа сот инстанцияларымен тығыз байланысты. Сот істері алдымен алғашқы сатыдағы соттарда қаралады, содан кейін апелляциялық соттарда қайта қаралуы мүмкін. Тек осы сатылардан өткен соң, тараптар кассациялық шағым түсіруге құқылы. Кассациялық соттар істерді, негізінен, жазбаша түрде қарайды. Тек ерекше жағдайларда сот тыңдауы өткізілуі мүмкін. Кассациялық сотта тек құқықтық аспектілерді талқылайды және жаңа фактілерді қарамайды.

Қазақстанда соңғы жылдары кассациялық сот жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар реформалар жүзеге асырылуда. Бұл реформалар сот жүйесінің ашықтығын арттыруға, соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін жоғарылатуға және сот жүйесін халықаралық стандарттарға сай дамытуға бағытталған.

Кассациялық сот заң тәжірибесінде маңызды рөл атқарады және құқықтық жүйенің дамуына ықпал етеді. Оның шешімдері жаңа прецеденттердің орын алуы үшін және қоғамдағы дауларды шешуде өте маңызды. Бұл сот жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесінде соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді. Бұл істі кассациялық сот қарағаннан кейін шешімге шағымдануға мүмкіндік жоқ деген сөз. Сондықтан кассациялық соттың шешімі түпкілікті, ақырғы және міндетті болып табылады.

Кассациялық сот шешімдерінің жалпы заң тәжірибесінің дамуында орны ерекше. Прецедентті шешімдерді пайдалана отырып, заңгерлер мен адвокаттар бұрыннан қалыптасқан сот тәжірибесіне сүйеніп, өз клиенттерінің мүдделерін алдын ала болжай алады. Бұның өзі дауларды тиімдірек шешуге және сот ісін жүргізудің нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

Кассациялық сот – сот жүйесін заңсыз шешімдерден тазарту функциясын да атқарады. Төменгі сатыдағы соттың шешімі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Осылайша, кассациялық сот заң тәжірибесінде, прецеденттерді белгілеуде, құқықтық тәжірибені қалыптастыруда және дауларды шешуге ықпал етеді.

**Ш.ЖОЛКЕНОВ,**
**Қарағанды қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы**

• КӨКЕЙКЕСТІ

# АЛАЯҚҚА АЯУШЫЛЫҚ СЕЗІМІ ЖАТ

**Интернет алаяқтықтың небір түрі пайда болып жатқаны рас. Әсіресе, жаңа технологиядан хабары жоқ қариялар интернеттегі алаяқтардың оңай олжасына айналуда. Шымкент қаласында да алаяқтардың ғаламтор арқылы құрған тұзағына ілігіп, қомақты ақшасынан бір-ақ сәтте айырылғандар қатары қалың. Дегенмен, Шымкент қалалық полиция қызметінің жүйелі жұмысының нәтижесінде қылмыстық істердің қатары біршама азая бастаған.**

Полицияның ұсынған мәліметтеріне сенсек, тек осы жылдың 9 айының ішінде ғана қала аумағында 600 ғаламтор қолданушысына қатысты интернет-алаяқтық қылмысы тіркелген. Бұл өткен жылғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда 80-ге төмен.

Дегенмен жыл санап ғаламтор арқылы келтірілген шығынның көлемі қарқынды түрде ұлғая бастаған. Салыстырмалы түрде статистикаға көз жүгіртсек 2021 жылы 1174 интернет алаяқтық қылмысы тіркеліп, алданған адамдардың қолды болған ақшасының жалпы сомасы 553 миллион теңгеден асып жығылса, 2022 жылы бірден бірнеше есе ұлғайып, қылмыс саны 1161 болғанымен, іс жүзінде алданған адамдарға 878 миллион теңгеден астам шығын келген. Ал өткен жылы ғаламтордағы алаяқтық әрекеттер саны тек 991 болғанымен, 870 миллион теңгеден астам қаржы алаяқтардың аранына түскен.

Күн өткен сайын ғаламтордағы алаяқтықтың арыны қатты әрі түрлі жымысқы құйтырқылары көбейгенімен, полицияның да жүргізген жұмысын атап өтпеске болмайды. Ғаламтор желісі арқылы алаяқтардың құрбанына айналған адамдардың қаржысын іздеуде жүйелі жұмыс жүргізген полицияның жедел әрекетінің арқасында қылмыстар сапалы ашылып, алаяқтық жасағандар заң аясында жауапкершілікке тартылып жатыр.

Мәселен, тек жыл басынан бергі 8 айдың қорытындысы бойынша алданған адамдар 690 миллион теңгеден астам қаражатынан айырылса, полиция тарапынан жүргізілген кешенді жұмыстар нәтижесінде 61 миллион теңгеден астам қаржы өзінің заңды иелеріне қайтарылған.

Полицияның мәліметінше, киберқылмыс әлеміндегілерді анықтау мақсатында арнайы жетілдірілген техникалар қолданылып, сондай-ақ бұл салаға IT мамандар көбірек тартылып, арнайы топтар құрылған. Аталған бағыттағы жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында «Киберпол» топ мүшелері арнайы техникалық құралдармен қамтамасыз етіліп, IT саласындағы біліктілігі жоғары қызметкерлермен толықтырылып, осы бағытқа маманданған нысандық топ құрылды.

– Дегенмен, қылмыскерлер уақыт талабынан қалыс қалмай, азаматтардың ақшалай қаражатын жымқырудың түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануда. Әсіресе, олар әлеуметтік желілердің мүмкіндігін ұтымды пайдаланып отыр. Сондықтан олармен күресудің жүйелі түрде жаңарып отыруы біз үшін аса маңызды, – дейді Шымкент қалалық полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Полицияның жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, интернет алаяқтық қылмыстары әдетте өздерін банк, құқық қорғау органдарының қызметкерлері немесе байланыс операторлары ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы алдау; әйгілі медиалық тұлғалардың бейнелерін интернет хабарландыруларға орналастыру және тиімді жобаларға ақша салу арқылы қаражаттарын көбейтуді ұсыну, интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету барысында жоқ тауарларды сату платформалары арқылы (Kolesa.kz, OLX, Krisha.kz) алдын ала төлем жасау жолымен қаражаттарын иемдену, тауар сатумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің жарнамаларын көру арқылы заттай тауарды 30 пайызбен қаражатқа алмастыру жолында алаяқтарға алдану секілді тың тәсілдерді жиі қолданып, сәтті жүзеге асыруда. Бұл орайда цифрлық заманның дамуымен бірге, қылмысты жасау жолы да қарқынды түрде жаңғырып, қаражаттарды қолды қылу үшін түрлі құйтырқы тәсілдер пайдаланылуда.

Шымкент қалалық полициясының мәліметінше, интернет алаяқтықпен халықтың қаржысын алдап алушылар оны басқа тұрғындардың картасына түсіріп, құйтырқы жолмен тіпті шетелге асырып жіберудің де фактілері анықталған.

Жыл өткен сайын ғаламтордағы алаяқтардың «клиентін» тақырға отырғызудың небір тәсілдері өзгеріп жатыр. Мәселен, былтыр алаяқтар қылмыстық жолмен табылған қаражаттарды ел тұрғындарының карталарына түсіріп, оны банкоматтардан шештіріп, электрондық ақшаға айналдыру арқылы өздеріне аудартып алған. Қазіргі таңда жәбірленушілердің қаражатын бірден халықаралық «Криптовалюта» биржа платформаларын қолданатын азаматтардың есепшоттарына аударып, олардан электрондық қаражаттарын шет мемлекеттердің есепшоттарына аудартып, иемденіп жатыр. Интернет желісі арқылы жасалатын қылмыстың бір үлкен ерекшелігі – қашықта жасалуында және қылмыскермен жүзбе-жүз кездеспейтіндігіне байланысты болып отыр. Бұл қылмыстың ашылуына да елеулі кедергі келтіреді, – деп толықтырды Бағлан Исатаева.

Полиция тұрғындарға интернет алаяқтық қылмыстарының алдын алу жолдарын ескерту бойынша ұдайы жұмыс жүргізіп келеді. Аталған мақсатта полиция департаменті 9 айдың қорытындысымен жалпы БАҚ арқылы 455 бейне-ролик жариялап, 171 оқу мекемелеріне және халық тығыз шоғырланатын орындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Киберпол қызметкерлері ғаламтор желісіндегі құқыққа қайшы 200-ден астам сайтты бұғаттаған. Полиция алдағы уақытта да интернет алаяқтыққа қарсы жүйелі жұмысты жүргізе бермек.

**Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ**
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• МІНБЕР

**Сот жұмысын жандандыруда Судьялар одағының маңызы зор. Ал осы судьялардың кәсіподағы саналатын қоғамдық бірлестіктің негізі 1996 жылы өткен республика судьяларының алғашқы съезінде қаланған болатын. Содан бергі 28 жылдың ішінде Судьялар одағы тоғыз съездің өтуіне бастамашы болды. Әр төрт жылда бір ұйымдастырылатын бұл съездің сот қызметіндегі орны бөлек. Оның көтерген мәселесі, талқыға салған тақырыбы әртүрлі. Бірақ, қай-қайсысы да сот саласын дамытуға, судьялардың дербестігі мен сапалы қызметіне жол ашуға бағытталған.**

# СЪЕЗДЕ КӨТЕРІЛГЕН **МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ** ОРЫНДАЛМАЙ ҚАЛҒАНЫ ЖОҚ



**Жұлдыз ЖАКЕЕВА,**
**Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы**

Биылғы съезд мінберінде де маңызды мәселелер көпшілік назарына ұсынылды. Әсіресе, судьялардың Әдеп кодексінің қабылдануы тоғызыншы съездің басты ерекшелігі ретінде тарихта қалары анық. Сонымен бірге, алқалы басқосуда өз пікір-ұстанымын білдірген әріптестеріміз судья көмекшісі лауазымын енгізу, әкімшілік әділет институтын жандандыру, соттағы мемлекеттік тілдің қолданысын арттыру қажеттігін алға тартты.

Әлбетте, судьялар съезінде сөз болған мәселелердің бәрі де өзекті. Олардың алдағы уақытта оң шешімін тауып, сот жұмысын ілгерілетуге қызмет етері күмән туғызбайды. Өйткені, бұған дейінгі съездерде айтылған, назарға алынған ұсыныс, пікірлердің еленбей, ескерілмей қалған кезі жоқ.

Мысалы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезінде «Судьяларымыз адам құқықтарының мүлтіксіз сақталуын басты назарда ұстауы керек. Еліміздің судьялары кәсіби біліктіліктерін ұдайы арттырып, жұмыс тәсілдерін жетілдіріп, қалыптасқан ойлау жүйесін өзгертіп отыруы қажет. Бұл үшін сот саласындағы өзекті халықаралық үдерістерді ескеріп, судьялардың халықаралық қауымдастығымен тығыз байланыс орнатуы маңызды», – дей келе бірқатар тапсырмалар жүктегені есімізде. Соның ішінде Президент судьяларға күштік құрылымдар тарапынан жасалатын ықпалды азайтуды айтқан еді. Соған орай, Қылмыстық-процестік кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бүгінде судьялардың құқық бұзушылығына қатысты барлық заңдық әрекет тек Бас прокуратураның пәрменімен жасалатын болды. Аудандық, облыстық прокуратураның енді судьяларға қатысты іс қозғап, құқық бұзушылығы бойынша шешім қабылдауға құзыреті жоқ.

Бұдан бөлек, сегізінші съезде Мемлекет басшысы сот үдерістерін оңтайландыру және даудамайларды шешу барысында бітімгершілік тетіктерін енгізу мәселесіне де назар аударды. Нәтижесінде қазір медиация мен татуластыру рәсімдері арқылы шешімін тауып жатқан істер көп. Бұл судьялар жүктемесін азайтып, тараптарға көптеген артықшылық бергені анық.

Президенттің «сот процесі түсінікті және ыңғайлы болуы тиіс. Азаматтар рәсімдердегі түрлі айла-шарғыларды шешуге міндетті емес», – деген тапсырмасы да аяқсыз қалмады. Осы бағытта жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде қазір барлық судьялардың өз шешім, үкімін тараптарға түсіндіруі міндеттелді. Сонымен бірге, сот актілерінің қарапайым тілмен, ұғынықты жазылуына да талап күшейді.

Міне, алдыңғы съездегі тапсырмаларды сапалы орындаудың нәтижесінде сот жұмысында бірқатар оңтайлы өзгерістер орын алды. Ал биылғы тоғызыншы съездің де жүктеп отырған тапсырмалары қомақты. Соның ішінде Әдеп кодексі судьялардың қызметтегі және қызметтен тыс кездегі әдептілік қағидасына айналары күмәнсіз. Әрі съезд мінберінде айтылған судья көмекшісін енгізу, сот жұмысында мемлекеттік тілдің үлесін көтеруге қатысты ұсыныстардың келесі съезге дейін шешімін табарына сенеміз.

# СҰЛТАН САРТАЕВ – ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Конституцияны әзірлеу барысында С.Сартаев заңдардың мемлекет мүддесі мен халықтың құқықтарын қорғауға негізделуі қажеттігін баса айтты. Оның бұл бағыттағы еңбектері елдің саяси тұрақтылығы мен құқықтық тәртіптің сақталуына негіз қалады.

Ғалым тек ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде де танымал құқықтанушы болды. Оның Еуропа мен Азия елдерінде, сондай-ақ АҚШ-та адам құқықтары мен заң саласына байланысты өткізген дәрістері, баяндамалары халықаралық аренада Қазақстанның құқықтық ғылымын танытуға мүмкіндік берді. Ол адам құқықтары мен азаматтық құқық саласындағы өзекті мәселелерге терең тоқталып, өз халқының құқықтарын қорғауға арналған заңдарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге ұмтылды. С.Сартаевтың халықаралық ғылыми қауымдастықтағы беделі Қазақстанның құқықтық мәдениетінің деңгейін көрсетіп қана қоймай, елдің жаһандық құқықтық кеңістікке шығуына да ықпал етті.



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып, көптеген шәкірт тәрбиелеп шығарды. Оның шәкірттері қазіргі таңда Қазақстанның құқықтық жүйесінде маңызды рөл атқаратын заңгерлерге айналды. С.Сартаевтың құқықтық мектеп қалыптастырудағы рөлі оның білім беру саласындағы жемісті еңбектерінің дәлелі болып табылады.

Республика күні бізге тәуелсіздікке қол жеткізудегі саяси, құқықтық күрестерді, сол жолда қызмет еткен тұлғаларды еске алу арқылы еліміздің қазіргі және болашақ ұрпақтары үшін құқықтық тұрақтылықтың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. С.Сартаевтың өмірі мен еңбектері тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйесін нығайтудағы айқын үлгі және оның құқықтық мұрасы болашақ заңгерлер мен зерттеушілер үшін таптырмас білім көзі болып қала береді.

Сұлтан Сартаев – тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негіздерін қалауда, мемлекеттілікті нығайтуда орасан зор еңбек сіңірген қайраткер. Оның заң ғылымына, құқықтық мәдениетке және ел дамуына қосқан үлесін құрметтеп, мұрасын тереңірек зерделейтін уақыт келді.

**С.САРТАЕВ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы**

**Сұлтан Сартаев терең білімділігімен көзге түскен заңгер, ақыл-парасатымен, шешендігімен, табандылығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленген ірі тұлға. Ол өмір кітабына өзінің атын ұлы ғалым, көрнекті ұстаз, қоғам қайраткері, ақын ретінде қалдырған біртуар азамат.**

## ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ



Өзінің өмір болмысын қазақ халқымен тығыз байланыстырған нағыз патриот, адасып жол таба алмағандарға жол көрсетуші, жөн таба алмағандарға жөн сілтеуші болған жан. С.Сартаев жазған ғылыми мұралардың бәрі де өміршең, өз мәнін жоғалтпайды.

Академик «Мемлекеттік егемендік туралы» декларация авторларының бірі. Ол тәуелсіз Қазақстанның Конституциясын жасаудың басы-қасында болды. Еліміз егемендік алғаннан бері отандық заңнаманы қалыптастыруға, демократиялық құндылықтарды бекітуге зор үлес қосты. Тәуелсіз мемлекетіміздің Ата Заңының жазылуына сүбелі үлес қосуымен қатар, бірқатар заң мен бірталай нормативтік құқықтық актілердің қабылдануына күш-жігерін сарп етіп, түрлі құқықтық-нормативтік құжаттар мен актілерді екшеп, талдап, шынайы баға берді. Артына жарқын із, өшпес мұра қалдырды. Табанды еңбегінің, дара тұлғалық қасиеттерінің арқасында Сұлтан Сартаев халықтың шынайы құрметіне бөленді, оның өмір жолы талай ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Сұлтан Сартайұлы адал еңбектің үлгісі, нақты азаматтық ұстанымы бар адам болды. Академик өмірінің басым бөлігін ұстаздық қызметке арнады, салихалы заңгер мамандарын тәрбиелеу барысында орасан зор рөл атқарды. Сұлтан Сартайұлы 1960–1969 жыл аралығында ҚазҰУ заң факультетін, 1977–1997 жылдар аралығында факультеттің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы; конституциялық және әкімшілік құқық; қаржы құқығы кафедраларын басқарды. Осылайша ол 29 жыл уақытын заң факультетінде шәкірт тәрбиелеуге арнады. С.Сартаев шоқтығы биік, тау тұлға. Адамдықтың биік тұғырынан орын алған Сұлтан ағайымыздың аты да, артында том-том болып қалған хаты да мәңгілікке тура жолды сілтейтіні ақиқат!

**А.ЖАРБОЛОВА,**
**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы**

## ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНЕ ЖОЛ АШҚАН ҰСТАЗ

**Сұлтан Сартаев – менің өмірімде, кәсіби жолымда өшпес із қалдырған ұлы ұстаз. Ғылымға деген шынайы қызығушылық пен адалдықты үйреткен ұстазымның есімі мен үшін ерекше мәнге ие.**

Жас зерттеуші ретінде мен кандидаттық диссертациямды жазу кезінде Сұлтан Сартайұлының жетекшілігіне жүгіндім. Ішкі істер министрлігі академиясының адъюнктурасына түскен соң, алдымда ғылыми жетекшіні табу деген үлкен сұрақ тұрды. Мен бұл таңдаудың қаншалықты маңызды екенін жақсы түсіндім, өйткені менің ғылыми зерттеуімнің бағыты да, оның нәтижесі де дәл осы таңдауыма тікелей байланысты еді. Жоғары курстың адъюнктері маған С.Сартаевты ұсынды. Бірақ атақты академик менің тілегімді қабылдай қоя ма? Бұлай дейтінім Сұлтан Сартаев мен үшін қол жетпес тұлға болып көрінетін. Оның есімі ғылымдағы ұлылықтың белгісіндей болатын. Содан болар академиктің ұсынысты қабылдайтынына күмәндандым. Алайда, Сұлтан Сартаев шынымен-ақ өте қарапайым екен. Менің жүрексінгеніме қарамастан, ол бірден ғылыми жетекші болуға келісімін берді. Сонымен бірге ол тек ғылыми жетекші ғана емес, менің ғылыми жолымды ашқан тұлғаға айналды. Оның даналығы мен қолдауы маған үлкен күш берді, өзіме деген сенімділікті арттырды.

Ол кезде мен үшін әрбір кездесудің мәні зор болды. Ғалымның қауырт жұмысқа қарамастан, уақыт тауып, әрдайым жан-жақты кеңес беретіні мені таңқалдыратын. Кез келген ғылым саласында ұстаздың рөлі ерекше, ал Сұлтан Сартайұлы шәкірттерін білім жолына жетелеумен ғана шектелмей, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін де қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Әсіресе, диссертациямды қорғау кездегі шынайы қолдауы әлі көз алдымда. Ол маған қойылған әрбір сұраққа жауап бергенімде қатты уайымдап отырды. Ұстазымның осындай шынайы жанашырлығы үлкен демеу болды.

Ғалымның ғылымға қосқан үлесі менің ғана емес, барлық шәкірттерінің өміріне терең із қалдырды. Ұстазым кітаптарды сыйға тартқанды жақсы көретін. Өз кітаптарын да ешқашан сатпайтын, оларды тек сыйға тартатын. Ол кітаптың нағыз құндылығы – көпке тарату, адамдармен бөлісу деп санайтын. Осылайша, ол бізге тек білім емес, өзінің жүрек жылуын да сыйлайтын.



С.Сартаев өз шығармалары арқылы бізге өмірдің терең мағынасын түсінуге көмектесті. Саясат, ғылым, қоғам – бәрі де адам игілігіне, әділеттілікке негізделуі тиіс деп үйретті. Ұстазымның тұлғасы мен үшін мәңгілікке үлгі болып қалады.

**Ж.КЕГЕМБАЕВА,**
**Заң ғылымының докторы, профессор**

## АМАНАТЫНА АДАЛ АЗАМАТ

**Сұлтан Сартаевтың еліміздің еңселі, тәуелсіздігіміздің тұғырлы, келешегіміздің кемелді болуына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ағамыз туған тіліміз бен төл мәдениетіміздің тынысын кеңейтуге, еліміздің ырысын көбейтуге еңбек сіңірді. Халық арқалатқан аманатқа адал болып, жас мемлекетіміздің қанатының кең жаюына елеулі үлес қосты. Ата Заңымыздың негізін қаласып, заңдылықтың салтанат құруына атсалысты.**



Сұлтан аға қашан да жаңашылдықты жанына жақын ұстады. Соның бір дәлелі – мемлекетіміздегі тұңғыш Қазақстан заңгерлер қоғамын құрып, басшылық жасады. Сонымен қатар, заң және халықаралық қатынастар саласындағы жеке жоғары оқу орындарының ашылуына атсалысты. Ол кең ауқымды ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған зерттеу жұмыстары мен педагогикалық қызметтегі істерін қоғамдық-саяси жұмыстармен ұштастыра жүргізді. Білікті заңгерлерді тәрбиелеуде іргелі ізденістердің негізін қалады.

Тәуелсіздіктің көк туын көтеріп, жаңа қадам басқаннан бері мемлекетіміздің Ата Заңынан бастап, тіл, егемендік және тәуелсіздіктің барлық маңызды заң құжаттарын қалыптастыруда Сұлтан ағаның еңбегі өшеусіз. Осы еңбектері ескеріліп, мемлекет тарапынан «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерін және өзге де жоғары наградалармен марапатталған ғалым ел ертеңі үшін ізденісін бір сәт те тоқтатқан емес.

Сұлтан ағамыз шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісіндей, әділдіктің таразысындай абыз ақсақал болатын. Адамгершілік қасиеттері мол, абзал жанның елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидары халқымыздың әрдайым жүрегінде сақталады. Жаны мен ары таза, жаратылысы бөлек жандар өмірден өтсе де, тамырын тереңге жайған алып бәйтеректей қалың орманға айналады. Сұлтан Сартаевтың да еңбегін ұмытпайтын, азаматтық болмысын ардақ тұтатын, есімін де естен шығармайтын еңселі де зерделі халқы мен ұрпағы бар. Сондықтан Сұлтан ағамыздың ғылымдағы мол мұрасы мен ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа қашанда үлгі болып қалады. Сұлтан Сартайұлы ортамыздан кетсе де, есімі мен еңбегі жадымызда.

**А.ИСАБЕКОВ,**
**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті**

## ҰСТАНЫМЫ ҰЛТҚА ҮЛГІ



**Сұлтан Сартайұлы 1927 жылы 15 казанда Қызылорда облысында дүниеге келген. Заң ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасынын ҰҒА академигі.**

Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып, заң ғылымының кандидаттығына диссертациясын «Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы мен дамуы» тақырыбында қорғаған. Ал докторлық диссертациясын «Социалистік мемлекеттіліктің құрылысы және Қазақстандағы халық өкілдігінің жоғары органының мәселелері» тақырыбында қорғаған. Ғалым «ҚазКСР Президенті лауазымын тағайындау туралы» заңын, «ҚазКСР Мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңын әзірлеушілердің бірі.

Ғылыммен бірге қоғамдық мәселелердің де бел ортасында жүрген Сартаев ҚазССР Президенті жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақстан заңгерлер одағының президенті, Байырғы халықтар мен этникалық азшылықтар Қазақ халықаралық қорының президенті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 12-13 шақырылымының депутаты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Халықаралык және Парламентаралық қатынастар жөніндегі комитетінің мүшесі болды. Ұрпаққа 500-ден астам ғылыми еңбегін қалдырды.

Сұлтан Сартаев көптеген конституциялық актінің қабылдануына атсалысты. Ғалымның конституциялық-құқықтық көзқарасы Қазақстандағы конституциялық процестің жүзеге асуымен біте қайнаса қалыптасты. Кейбір кездерде сол конституциялық жаңашылдықтардың қозғаушы күші де болады.

Конституцияға түсініктеме беруде доктриналық түсініктеменің ерекше қызмет атқаратындығын атап өтті. Конституцияға түсініктеме берудің доктриналық сипаты, тек Конституциялық кезеңнің ғана емес, бүтіндей мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, сонымен катар, қатардағы азаматтардың қызметтерінде орын алуы керек деген пайымда болды. Бұл өз кезегінде, әрбір жеке тұлғаның және бүтіндей қоғамның құқықтық санасының өркендеуін көрсететін фактор деп санады. С.Сартаевтың өзі жоқ болса да, мемлекеттік-құқықтық ұстанымдары мәңгі жасай бермек.

**Д.ТУРСЫНКУЛОВА,**
**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті**

## ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ АТАСЫ

**Ғылым, білім, заң саласында өзінің дарынымен ерекше көзге түсіп, бойындағы ізгі қасиеттерін ұлттың іргелі істеріне жұмсаған Сұлтан Сартаев – сегіз қырлы, бір сырлы тұлға еді. Ол тек ел сенімін арқалаған ұстаз ғана емес, еліміздің рухын көтерер ұлтжанды азамат болды.**



С.Сартаев адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды табанды түрде жақтады. Ол өз еңбектерінде адам құқықтарын мемлекет кепілдік беруі және қорғауы тиіс негізгі құндылықтар ретінде қарастырды. Ол аз ұлттардың құқықтарын сақтау мәселелеріне, сондай-ақ құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етудегі азаматтық қоғамның рөліне назар аударды.

Академик Қазақстан тәуелсіздігін нығайтудың жақтаушысы болды. Кеңес Одағы ыдыраған кезде Қазақстанның мемлекеттік егемендігі тұжырымдамасын әзірлеуге белсене атсалысты. Оның идеялары Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануын қамтитын тәуелсіз мемлекеттің құқықтық негізін құруға ықпал етті.

Ұстаз ретінде Сұлтан Сартаев заңгер мамандарды дайындауға үлкен мән берді. Ол Қазақстандағы құқықтық білімнің дамуына зор үлес қосты, еліміздің жетекші жоғары оқу орнында заң факультетінің негізін қалаушылардың бірі болды. Өз еңбектерінде заңгерлерді үздіксіз даярлаудың, сонымен қатар ғылым мен құқық қолдану тәжірибесінің байланысын нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Сартаев ғылыми қызметімен қатар, еліміздің саяси өміріне де белсене араласты. Түрлі мемлекеттік комиссиялардың мүшесі болды, заңнамалық актілерді әзірлеуге атсалысты, Конституциялық реформаларға қатысты. Оның Қазақстанның құқық жүйесін дамытуға қосқан үлесі ел ішінде де, шетелде де жоғары бағаланды. Сұлтан Сартаев артына құқық, саясат және қоғаммен байланыс саласында мол мұра қалдырды. Оның ғылыми көзқарастары Қазақстанның құқық жүйесінің дамуына әсер етіп, заңгерлер мен заңгер ғалымдардың жаңа буынын шабыттандырады.

С.Сартаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі белсенді ғылыми-оқытушылық қызметін ерекше атап өтуге болады. Ол кісінің ғылыми жетекшілігінің көмегімен көптеген заң ғылымының докторы мен кандидаттары бүгінде мемлекеттік атқарушы органдарда және жоғары оқу орындарында абыроймен қызмет атқаруда. Сондай-ақ көрші Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің білім ордаларында диссертациялық кеңестердің белді мүшесі болып, сол мемекеттердің ғылым саласына заңгерлер мектебінің негізін қалап, көптеген ғалымдардың шоғырын қалыптастырды. Оның тәлім-тәрбиесін жалғастыру біз үшін азаматтық парыз.

**Н. МЫНБАТЫРОВА,**
**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті**

• СОТ СӨЙЛЕСІН

# КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – АЗАМАТТАР СЕНІМІН НЫҒАЙТУДЫҢ КЕПІЛІ

**Сот реформалары үздіксіз жүргізілуде. Уақыт талабымен үндесе дамыған құрылымда жаңашылдықтардың үзілмегені орынды. Жаңа бастамалардың қолға алынуына халықтың сұранысы мен тілегі де әсер ететіні белгілі. Айталық, кассациялық соттардың құрылуының өзі – көпшілік қалауы.**



**Қуаныш МЫХАНОВ, Қармақшы аудандық сотының төрағасы**

Азаматтардың талап-тілегіне құлақ асқан Мемлекет басшысы кассациялық соттың жұмысын жандандыруды тапсырған болатын. Республика судьяларының IX съезінде Президент соттардың қызметін жетілдірудегі басым міндеттерге назар аударды. «Сот төрелігіне қол жеткізуде соттардың шешіміне кассациялық тәртіп пен шағымдану мүмкіндігін беру маңызды. Биыл шілде айында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке-жеке кассациялық сот құруды қарастыратын заңға қол қойдым. Олар өз қызметіне келесі жылдың 1 шілдесінен бастап кіріседі. Қазір оған қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу маңызды. Кассациялық соттардың кадрлық құрамы тәжірибелі судьялардан жасақталуы керек. Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді», – деді.

Кассациялық соттар төменгі сатыдағы соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне шағымдар бойынша істерді қарайды. Олардың негізгі міндеті – бірінші және апелляциялық сатыдағы судьялар қабылдаған сот шешімдерінің заңдылығы мен дұрыстығын тексеру. Дербес кассациялық соттардың құрылуы көптеген мәселелерді тиімді реттеуге мүмкіндік береді. Ең алдымен бұл институт азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтады. Себебі, өз мүддесін сот арқылы қорғау әрбір азаматтың Конституция бекіткен құқығы. Ал бұған дейінгі «таңдап қарау кассациясы» азаматтардың осы құқығын шектеген еді. Жаңа өзгеріс олқылықтың орнын толтырып, істерді «жаппай қарау кассациясын» тәжірибеге енгізуімен құнды болып отыр. Сонымен қатар бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады. Енді Жоғарғы Сот органы сот тәжірибесінің бірыңғай болуын қамтамасыз ету бойынша міндетіне алаңсыз кірісе алады.

Кассациялық соттар сот жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Оның негізгі функциясы шешімдердің дұрыстығын тексеруге бағытталған. Кассациялық сот істі мәні бойынша қайта қарамайды, дәлелдемелерді бағаламайды, тек құқық нормаларын қолданудың дұрыстығын тексереді. Егер төменгі соттардың жіберген қателіктері анықталса кассациялық сот олардың шешімін жоюы немесе өзгертуі, істі жаңа қарауға жіберуі немесе жаңа шешім шығаруы мүмкін. Кассациялық сот судьялары заңдардың бүкіл елде бірдей түсіндірілуін және қолданылуын қамтамасыз етуі керек. Осы талаптың өзі кассациялық сотқа тек білікті, тәжірибесі мол, кәсіби шеберлігі жоғары судьялардың іріктелуі керектігін көрсетеді. Бүгінде кассациялық сот төрағасы мен судьяларына қойылатын талап та айқындалған.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

• СЪЕЗД

**Әр төрт жыл сайын өтетін республика судьяларының съезінде атқарылған жұмысты қорытындылап, ертеңгі күнге бағдар белгіленеді. Еліміздің түкпір-түкпірінен елордаға жиналған судьялар қауымы сот саласына ортақ мәселелерді талқылап, оларды дұрыс шешудің тетіктерін сарапқа салады.**

# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ӨЛШЕМІ

Жалпы сот қауымдастығы үшін съездердің орны бөлек. Бұл алқалы жиынды ұйымдастыруға ерекше мән беріледі. Тіпті, барша судьялар көз тіккен басқосуға баратын делегаттардың өзі терең сұрыптаудан өтеді. Әр облыс, қаладан келетін делегаттар құрамына іріктелген судьяның өз қызметінде кемшілікке жол бермеуі, қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі толық ескеріледі. Республика судьяларының съезіне делегат ретінде таңдалып, маңызды жиынға қатысу – әр судья үшін үлкен мәртебе.

Биылғы съездің ерекшелігі аз болмады. Алдыңғы VIII съездің онлайн форматта өткенінен жұртшылық хабарлар. Сол кезде де сот жұмысындағы оң өзгерістерді атап өткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирустың кесірінен бүкіл құрылымның жұмысы ақсап жатқанда, сандық технологияны жетік меңгеріп, сот қызметіне пайдаланған судьялардың істерді өз мезгілінде, кедергісіз қарағанына ризашылық білдірген еді.

IX съезге арнайы қатысқан Президент биыл да отандық соттың жұмысына оң бағасын берді. «Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаяды», – деген Мемлекет басшысы әкімшілік әділет институтының бүгінгі жетістіктеріне көңілі толатынын, күштік құрылымдардың судьяларға қысым жасауына тосқауыл қойылып, кадрларды іріктеу жүйесі жаңартылғанын айрықша атады. Сондай-ақ бірінші сатыдағы сот төрағаларының қазылар қауымының ұсынысымен тағайындалатыны, алқабилер құзыретінің кеңейіп, оларды іріктеу жұмысының цифрлық жүйеге толық көшкенін тілге тиек етті.

«Әкімшілік әділет жеке адамдардың және кәсіпкерлердің құқығын тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Бүгінде сот істерінің жартысынан астамы азаматтар мен бизнестің пайдасына шешіліп жатыр. Бұл – жақсы үрдіс», – деді Президент.

Мемлекет басшысы тарапынан берілген жоғары баға судьялардың өз жұмысын сапалы атқаруына, қызметіне жауаптылықпен қарауына, сондай-ақ өз кәсібіне деген мақтанышын нығайтып, еңбегінің дұрыс бағаланатынына сендірері анық.

Тоғызыншы съезде талқыға салынып, алдағы уақытта орындалуы тиіс мәселелер де айқындалды. Соның ішінде Астанада дербес үш кассациялық соттың құрылуы – елеулі жаңалықтың бірі. Кассациялық сотқа қажетті дайындық жұмыстары қазір қызу жүргізілуде. Бұл соттардың құрамын тәжірибелі судьялардан жасақтау, кассациялық соттың жұмыс істеу тәртібін түсіндіру бағытында ауқымды іс-шараларды қолға алу кезек күттірмейді.

Сонымен бірге келесі съезге дейін сот жүктемесін азайту, сот қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз ету, сот ісін жеңілдету мақсатында озық технология мен жасанды интеллектіні кеңінен пайдалану бағытында ізденістер қолға алынбақ.

Президент атап өткендей қоғам қызығушылығын тудырған істерді ашық өткізу тәжірибесі де алдағы уақытта жалғасын таппақ. Өзіміз байқағандай, сот процестерін ашық өткізудің пайдасы орасан. Бұл ең алдымен азаматтардың сот жұмысымен, судья қызметімен етене танысуына көмектеседі. Сондай-ақ ашық сот отырыстары азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға, заңды, сот тәртібін түсінуіне ықпал етеді. Бұдан бөлек, мұндай процестер жастардың судья, прокурор, адвокат мамандығына деген қызығушылығын арттырғанын байқап отырмыз. Ендеше, сот беделін көтеретін кез келген бастама үзіліп қалмауы керек.

Осы ретте сот жылнамасында тоғызыншы съезд жаңа Әдеп кодексін қабылдаумен сақталмақ. Судьялардың этикалық нормаларды сақтауы ерекше маңызды. Жаңа өзгерістерге сай енді сот ісін қарау кезіндегі барлық өрескел қателікті Сот жюриі тексереді. Бұл – соттардың тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған жаңа тәсіл болып отыр. Съезде белгіленген жоспарлар мен тапсырмаларды сапалы орындау – баршамыздың міндетіміз.

**Эльдар РЫСҚҰЛОВ, Жаңақорған аудандық сотының судьясы**
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# ТҰТЫНУШЫЛАР ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДА БЕЛСЕНДІ ЕМЕС




**Алматы қаласындағы Әлеуметтік қызметтер үйінде «Қазақстан Республикасындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қоры мен Алматы қаласы Сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаменті ұйымдастырды.**

Шара барысында ұйымдастырушылар жобаның 2024 жылдың мамыр айынан бастап жүзеге асырылғанын атап өтті. Халықаралық «Жанашыр» қорының президенті Жаңыл Әпетованың айтуынша, тұтынушылар құқығын қорғау мәселесі қазіргі таңда аса өзекті және жоба барысында көптеген маңызды жұмыс атқарылған. Атап айтқанда, Алматы қаласының барлық аудандарында мобильді заңгерлер тобы құрылған, олар мыңнан астам адамға құқықтық кеңес берді. Әлеуметтік желілерде 300-ден астам ақпараттық материал жарияланып, бейнероликтер қаладағы метро, емханалар және халыққа қызмет көрсету орталықтарында көрсетілді. Бұл халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды қадамның бірі болды.

Жаңыл Әпетова тұтынушылар құқығын қорғау саласындағы білімнің жеткіліксіздігіне назар аударып, бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру қажеттігін айтты. Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Бағдәулет Сариев жобаның алғашқы нәтижелері оң екендігін және болашақта бұл жобаны кеңейту қажеттігін жеткізді. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басқарма басшысы Мақсат Жаңбыршиев азаматтар мемлекеттік қызмет алу кезінде құқығы бұзылса, өз шағымын мемлекеттік мекемелерге жіберіп, тиісті көмек ала алатынын еске салды. Халықаралық құқық қорғау орталығының басшысы Жанділда Жақыпов тұтынушылар құқығы бұзылған жағдайда, сотқа дейінгі дауларды медиация арқылы шешу маңызды екенін айтып, бірақ тұтынушылар мұндай мүмкіндікті әлі де толық пайдалана алмай отырғанын жеткізді.



Іс-шараға қатысушылар халықтың тұтынушы ретіндегі құқықтарын білу деңгейі әлі де төмен екенін және бұл бағытта жұмыс жалғаса беруі керек екенін мойындады. Азаматтар өз құқығын білуі және қорғауы үшін ақпараттық жұмысты жүйелі түрде жүргізу қажет. Жиынға қатысушылардың пікірінше, тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі жобалар тек Алматы қаласында ғана емес, Қазақстанның барлық өңірінде жүзеге асырылуы тиіс.

Тұтынушылар құқығын қорғау мәселесі тек мемлекеттік органдар мен ұйымдардың емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Осыған байланысты, қатысушылар халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түрлі форматтағы шаралар мен ақпараттық науқандарды кеңінен қолдануды ұсынды.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»**

• ТҰСАУКЕСЕР

# АҚ ЖОЛ, БАЛАNEWS. KZ!



Шығармашылыққа жақын балалардың қабілетін ашу, шеберлігін шыңдау – ұстаздардың парызы. Біздің мектебімізде де болашағын журналистикамен, тіл өнерімен байланыстырғысы келетін талапты жастар баршылық. Осы жас өрендердің жазғанын көпшілікке таныстырып, талантты жастар арасында шығармашылық байланыс орнату мақсатында мектебімізде «БАЛАNEWS. KZ» журналы қолға алынған болатын. Жақында журналдың тұсаукесер салтанаты болып өтті.

Салтанатты шараға Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ақ желкен» журналының бас редакторы Есей Жеңісұлы арнайы шақырылды. Дәстүр бойынша №202 мектеп-гимназиясының директоры Болат Жанайхан сөз сөйлеп, бастаманы қолға алғандарға сәттілік тіледі. Жаңа жобаның қызыл лентасын Есей Жеңісұлы мен Болат Жанайхан қиды. Шарада қуанышқа арналған шашу да шашылды, тұсаукесердің ақ батасы да берілді.

Редакция алқасы журнал арқылы мектеп оқушыларының шығармашылығын, отансүйгіштігін, әсемдікке құмарлық сияқты қасиеттерін дамыта түсуді мақсат тұтып отыр. Мектебімізде небір талантты жеткіншектер бар. Солардың жазған-сызған дүниелері, ғылыми-зерттеу еңбектері, құрастырған дамыту ойындары, тіпті бір-біріне айтқан ерекше әзілдері де журнал бетінен орын табады. «БАЛАNEWS. KZ» балаларды дәстүрлі құндылықтарға – үлкенді, мектепті, ұстазды сыйлауға, кішіге қамқор болуға, ең бастысы, қоғамның ең үлкен құндылығы адам екенін түсінуге үндейді.

Алматы қаласының мектептерінде өз басылымын шығару үрдісі біраздан бері жалғасып келеді. Қала бойынша үш мектептің ғана өз төл басылымы бар, солардың қатарына «БАЛАNEWS. KZ» журналы да қосылды.

«БАЛАNEWS. KZ» журналының алар асулары, бағындырар белестері көп болсын! Журнал тәрбиелеген балалар биіктерді бағындырсын!

**Ғалия ЕЛШІБАЕВА, Алматы қаласы №202 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

## ТАРАТУ

2. «RUS-21» ЖШС (БСН 211040029122) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, А. Байтұрсынов көшесі, 15-үй, 2-пәтер, индекс 160500.

9. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақсай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 971140001351, өз қызметін тоқтататынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Жарсай ауылдық округі, Ақсай ауылы, Астана көшесі 17 ст-е мекенжайында қабылданады.

10. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабының 3-тармағына сәйкес Алматы қалалық «QSTERMARK GROUTING» филиалының (БСН 180741004721) ҚР, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұхар Жырау бульвары, 23-үй. Тарату комиссиясы филиалдың ерікті түрде таратылатыны жөнінде хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде жазбаша түрде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050021, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұхар Жырау бульвары, 23-үй, 45-кеңсе, тел. 87071230522.

11. «ҚР ТЖМ Батыс Қазақстан облысының Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі (БСН 201240006753) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаева даңғылы, 215 ст-е мекенжайында қабылданады, тел. +77776169606.

16. «Zoola» ЖШС (БСН 160340019796) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 18/2, тел. 87272207575.

17. «EduTech Solutions» ЖШС (БСН 230440044171) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

18. «LearnLogic» ЖШС (БСН 230440044161) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

19. «SkillStream» ЖШС (БСН 230440044151) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

20. «EdifyIT» ЖШС (БСН 230440044141) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

21. «TeachTonic» ЖШС (БСН 230440044131) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

22. «Intellicademy» ЖШС (БСН 230440044121) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

23. «Eduhub Tech» ЖШС (БСН 230440044200) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

24. «AcademixIT» ЖШС (БСН 230440044111) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

25. «EdusphereTech» ЖШС (БСН 230440044082) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

26. «TechnoLearn» ЖШС (БСН 230440044072) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

27. «Mindstream IT» ЖШС (БСН 230440044062) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

28. «Educore Tech» ЖШС (БСН 230440044042) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

29. «Edulink Solutions» ЖШС (БСН 230440044032) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

30. «BrainBox IT» ЖШС (БСН 230440044191) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

31. «AcademiaTech» ЖШС (БСН 230440044022) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

32. «LearnIT Connect» ЖШС (БСН 230440044260) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

33. «SmartEd Tech» ЖШС (БСН 230440044012) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

34. «KnowledgeWave» ЖШС (БСН 230540017970) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13-ғимарат, индексі 010000, тел. +7 708 921 02 03.

40. «Жаик Нафта» ЖШС (БСН 161140022147) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Аманжолов көшесі, 116-үй, 6-пәтер.

42. «MEIRAMBEK STROI» ЖШС (БСН 200340002800) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Жалын тұрғын үй алабы, 453-үй.

45. «ТрансОйл» СК Қарағанды облысындағы филиалы (БСН 110941017575), 2024 жылдың «21» қазаннан бастап өзінің қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР Қарағанды қаласы, Степной мөлтек ауданы, 2, 3/5-үй, тел. 87212774249.

46. «ТрансОйл» СК Павлодар филиалы (БСН 011041006375), 2024 жылдың «21» қазаннан бастап өзінің қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 119, тел. 87182321492, 87182327539.

49. «Магнит денег» ЖШС (БСН 230840009900) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Тасбөгет, Ғани Мұратбаев көшесі, 69, тел. 87772984831.

## МҰРАГЕРЛІК

3. 2024 жылдың 27 сәуірінде қайтыс болған Сыздыков Калдыбек Тулеповичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

4. 2024 жылдың 16 сәуірінде қайтыс болған Сейтжанова Мадина Рахымжанкызының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

6. 2024 жылдың 19 сәуірінде қайтыс болған Кенебеков Болатбек Үсембекұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

7. 2023 жылдың 23 шілдесінде қайтыс болған Кісенбай Яхияхан Бестібайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

8. 2019 жылдың 29 наурызында қайтыс болған Жөкебаева Ақманат Дайырбекқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

## БАНКРОТТЫҚ

13. «СМЭС ЗКО» ұйғарымымен 17.09.2024 жылдан бастап «Люкс» ЖШС (БСН 980140004850) банкроттық жайында іс қозғау туралы шешім шығарылды. Шағымдар БҚО, Орал қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша қабылданады.

## ЖОҒАЛУ

12. «Алтай Газ» ЖШС (БСН 030440000396) Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Бейбітшілік көшесі, 30-үй, 2-қабат, 201-кеңсе, 10.10.2024 жылдан бастап жоғалған мөрі жарамсыз деп саналсын.

## ӘРТҮРЛІ

5. «Алматы облысы Білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Оқушылар шығармашылық үйі» МКҚК (БСН 990540003056) оған «Алматы облысы білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Талғар қаласындағы мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты» МКҚК-на (БСН 010440002468) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатындығын хабарлайды.

Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Абылай хан көшесі, №55.

14. «Алматы облысы Білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Алатау кентіндегі облыстық жас техниктер станциясы» МКҚК (БСН 021140003797) оған «Алматы облысы білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Панфилов мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаты» МКҚК-на (БСН 000440003943) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатындығын хабарлайды.

Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Панфилов ауылдық округі, Панфилов ауылы, Шоқан Уалиханов көшесі, 8А ғимарат.

15. «Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LEGAL MONEY» сізге орналасқан жерінің (заңды мекенжайы) өзгергені туралы хабарлайды: Қазақ тілінде: 1.7-тармақшаның 1-тармағы. Жарғының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын: «1.7. Серіктестіктің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Асқар Тоқпанов ауылдық округі, Асқар Тоқпанов ауылы, Казцик а. Қ.Байқадамқызы көшесі, 71, 2-пәтер (бұрын: Алматы облысы, Іле ауданы, Асқар Тоқпанов ауылы, Каззик ауылы, Қ.Байқадамқызы көшесі, 71, 2-пәтер); пошта индексі 040718. Нақты мекенжайы: Қазақстан, Алматы, 050057, Төле би көшесі, 101 б.д.д. «Төле би», 3-қабат.

35. Еңбекшіқазақ ауданының ТКШ және тұрғын үй бөлімі ММ «Есік Су» ШЖҚ МКК (БСН 181240016338) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Есік қаласы, Жамбыл даңғылы, 21А.

36. «Зангар Групп» ЖШС (БСН 050840002462) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Майлин көшесі, 73-үй, индекс 050030.

37. «Star Glade» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2024 жылғы 11 қазандағы № 116–НҚ бұйрығымен 2024 жылы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіле отырып, жылу энергиясын өндіру және жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің мынадай деңгейлері бекітілгенін хабарлайды.

Орташа түсім тарифі - 5 079,82 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз);

Топтар мен кіші топтар бойынша сараланған тарифтер:

Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ жеке тұлғалар (Халық) – 5 029,02 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз);

Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар жеке тұлғалар (халық) – 2 539,91 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз);

Тұтыну көлеміне қарай кіші топтар бойынша сараланған тарифтер, жылу энергиясын есептеу аспаптары бар жеке тұлғалар:

1 кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын ауданы 100м2 - 5 029,02 теңге/Гкал дейін (ҚҚС-сыз);

2 кіші топ-халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын ауданы 100-ден 200 $м^2$-5 531,93 теңге / Гкал(ҚҚС-сыз);

3 кіші топ-халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын ауданы 200м2 - 5 079,82 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз)жоғары.

38. «Рудный жылу желілері» ЖШС Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылысы (БСН 221040021614) кредиторларға жарғылық капиталдың 3 264 860 теңге (үш миллион екі жүз алпыс төрт мың сегіз жүз алпыс теңге нөл тиын) сомасына азайғаны туралы хабарлайды. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңы 27-бабының тәртібімен серіктестіктің кредиторлары хабарлама алған немесе хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар серіктестікке жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша жіберіледі: Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылыс, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін. Анықтама телефоны (71431) 2-47-64 заңгер, 2-47-05 қабылдау бөлмесі.

39. «Рудный жылу желілері» ЖШС Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылысы БСН 221040021614 кредиторларға жарғылық капиталдың 1 840 теңге (бір мың сегіз жүз қырық теңге нөл тиын) сомасына азайғаны туралы хабарлайды. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңы 27-бабының тәртібімен серіктестіктің кредиторлары хабарлама алған немесе хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар серіктестікке жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша жіберіледі: Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылыс, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін. Анықтама телефоны (71431) 2-47-64 заңгер, 2-47-05 қабылдау бөлмесі.

41. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылы 16 тамыздағы № 51 Қаулысы негізінде «Коллекторское агенство «Эксперт плюс» ЖШС (БСН 151040003422) борышкерлердің қайта құрылымдауды жүргізу шеңберінде өз берешегін реттеуге өтініш беру құқығы туралы хабарлайды. Толығырақ site.explus.kz. сайтында.

43. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі, БСН 070740012675, жаң басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

47. «Medstore kz» ЖШС (БСН 211040010825) өзінің таратылатыны туралы және өзінің «JS Consulting» ЖШС-не (БСН 150140017710) қосылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Таусамалы шағын ауданы, Жігер көшесі, 10-үй, Төле би көшесі, 69, 31-кеңсе, тел. 87014283813.

48. «JS Consulting» ЖШС (БСН 150140017710) өзінің таратылатыны туралы және өзінің «Medstore kz» ЖШС (БСН 211040010825) «JS Consulting» ЖШС-не (БСН150140017710) қосылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Таусамалы шағын ауданы, Жігер көшесі, 10-үй, Төле би көшесі, 69, 31-кеңсе, тел. 87014283813.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі» Судьялар одағы Ақтөбе облысы бойынша филиал төрағасы Ормаханов Нұрлыбек Бостандықұлына әкесі

**Бостандық Ормахановтың**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

**E-mail:**
**zanreklama@mail.ru**

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.**

**ИП «Profy Agency kz»**
**Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,**
**8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.**
**г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509**
**e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11,**
**8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service»,**
**Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,**
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

# ТАҢҒЫ ҚОҢЫРАУ



Әсемге әлдебір «жанашыр жанның» қоңырауы оқыстан түсті. Күйеуі Батырбек әжептәуір жілікті фирманың басшысы еді. «Мұнда сізді бей-жай қалдырмайтын қызық болғалы жатыр, жылдам келіп кетіңіз...», – деді беймәлім нөмірден хабарласқан бейтаныс дауыс.

Соңғы кездері күйеуінің жүріс-тұрысы сұйыла бастағанын байқап жүрген келіншекке алғашқыда бұл қоңырау арандату болып көрінгенімен, түйсігі «не болса да барып көрмеймісің?» деп ақыл қосқан соң, қолды-аяққа тұрмаған жас келіншек жылдам киінді. Алтыншы қабаттан түсіретін лифті күтуге мұршасы жетпей, жүгіре басып жаяу түсті.

Сыртта шыңылтыр аяз бар екен. Асығып жүріп, жеңіл киініп еді, күйеуіне жеткенше жаурап қалатын түрі бар. Ағылып жатқан көп таксидің бірін әзер ұстады. Заулап келе жатқан көліктің артқы жағында отырып, ерінің телефонын осымен нешінші мәрте теріп еді, өшіп жатыр.

Қаланың орта тұсындағы сәнді ғимараттың бірінде орналасқан офистің астыңғы қабатына кіре берістегі күзет қызметінде тұрған күзетші жігіт бұны көріп, жылы жымиды. Бұрын да бұл жерге жиі ат басын бұратын келіншектің бет-бейнесін әбден жақсы танып алғаны сөзсіз. Тіпті, аты-жөнін де біліп алған тәрізді.

– Қош келдіңіз, Әсем ханым! – деп қалбалақтап жатыр.

Ашық жігіттің сәлемін алып тұрып:

– Біздің үйдегі ағаңыз орнында шығар? – деп сұрады.

– Әрине, – деді күзетші жігіт күле жауап беріп: – Ол кісілер манадан бері туған күнді дүрілдетіп тойлатып жатыр. Корпоративке қатысушылардың көбісі тарқап кетті, ендігі қалғаны ішімдікке құламайтын ең мықтылары, – деді.

Сұлу әйелдің өңі сұрланып сала берді. Бір бәленің боларын түйсігі сезгендей тұла бойы түршігіп кеткендей болды. Күйеуі бұрын өз ұжымындағы ондай-мұндай қызықтардан мұны да қалдырмай, ара-тұра бірге алып келіп, қатыстыратын. Тек соңғы кездері ғана бұл әдетінен жаңылып, шақырмайтын болып жүр.

Әсем биік өкшелі туфлиін тықылдатып үстіңгі қабатқа көтерілді. Офистің үлкен залына таяй бергенде, іштен қызара бөртіп қызып алған кісілердің қатты күлкісі ап-анық естілді. Есікті кенет ашып, ішке кіріп келгенде, айқай дем дегенде басыла қалды.

Күлкілері сыртқа ерекше естілгенімен, іште тек үш-төрт қана адам отыр. Төрге таяу фирманың басбухы Қарақат жайғасыпты. Елуді алқымдап қалған осы әйелдің киім киісі ерекше. Жарқ-жұрқ еткен әлем-жәлем киінуге әуес. Оның жанында отыздың үстіндегі қой көзді қараторы, тартымды жігіт оқыста кіріп келген сұлу келіншекке ішіп-жеп қоярдай тесіле қарады. Бұл ерсілеу көзқарас Әсемнің қолайына жақпай, бойын бір түрлі діріл билегендей болды. Ал есікке тақау отырған жігіт күйеуінің фирмасындағы тұрақты шопыры Әсет болатын.

Әсемді көре салысымен жік-жаппар болып, орнынан көтерілген Әсет:

– Келіңіз, жеңгей! – деп жайылып жастық болып жалпылдап барады.

Бұл екі арада Қарақаттың Әсетке қарата көрсеткен бір түрлі жұмбақ ым-ишарасын Әсем байқап қалды.

– Батырбек қайда? – деді Әсем әлденедей бір құпияның төркінін түйсігімен түйсініп, денедегі дірілі әлі де басылмай. – Осында ма? Әлде шығып кетті ме?

Басбух әйел сасқалақтап:

– Жо-жоқ, – деп алды да, іле:

– Иә, шығып кетті..., – деді сенімсіз үнмен. Әсем күмәнді жайға енді шүбәсі қалмай:

– Қайда ол?! – деп нығарлай сұрап еді, сұлу келіншектің мысы басқан Қарақат:

– Ана жақта-ау деймін..., – деп Батырбектің түкпірдегі кабинетін нұсқай берді.

Әсем бөлмеден жұлқына шығып, күйеуінің кабинетіне аптыға адымдады. Шопыр Әсеттің:

– Апай-ау, бәрін бүлдірдіңіз ғой..., – деген шарасыз сөзін шығып бара жатып шала естіді.

Кабинетке тақап келгенде іштен әлдеқандай әрбір әйел затына етене таныс тылсым, тұншыға шыққан сиқырлы сылқым үндер құлағына жетті. Әсем кабинеттің есігін сілки ашты. Есік ішінен жабылмапты.

Көзі бұдан жарты жыл бұрын Батырбектің фирмасына қызметке орналасқан Ботагөз деген бойжеткенді құшағына қысып, ашқарақ, арсыз нәпсісін тия алмай аймалап жатқан күйеуін бірден шалды.

Бұл қызды алғаш көргенде, тайсалмай қарайтын жанарынан әбден дағды алған нәпсінің тойымсыз тілегін байқап қалып еді Әсем. Түйсігі алдамапты. Батырбекті ақыры қармағына түсіріп тынышпты...

Қыздың қынай белінен жоғары жағы мүлдем ашық. Көзі жұмулы. Көйлегінің көкірек тұсындағы түймесі ағытылып, аппақ төсіне төңкерілген қос анары көріктей көтеріліп, дірілдейді. Үлбіреген балғын бейне көзін жұмып, Батырбектің ырқына көніп, жандүниесі қорғасындай балқып, құшағында шалқиды...

Сасып қалған Батырбек шешілген шалбарының ауына жармасты. Бұдан әрі мынау жағымсыз көрініске қарап тұруға дәті де, намысы да жетпеген Әсем кілт бұрылып, есікті серпи жапты да, құйындай ұшып офистен шықты. Ұзай бергенде ұялы телефоны ызыңдап қоя берді. Күйеуінің нөмірі. Көтермей, басып тастады.

Бағана өзін қарсы алған күзетшіден: «Бұл нендей мереке?!», – деп сұрауға ғана шамасы келді.

– Ә, анау Ботагөздің туған күні ғой..., – деді болған жайдан хабарсыз күзетші қаннен-қаперсіз.

Әсем сол қалпы тоқтамастан көше бойлап белгісіз бағытта жүріп келеді. Ойы сан-сапалақ. Мынадан кейін күйеуімен қалай бірге тұрмақ? Қалай ғана бір төсекте құшақ айқастырып жатпақ? Сонда қалай, айырылысудан өзге жол жоқ қой тегінде?! Осындай беймаза ойлар бірінен соң бірі келген келіншектің көз алдына ана бойжеткеннің өзінен он жастай кішілігі, оның талшыбықтай бұралған тартымды дене бітімі, әсем ажары келді.

Қолға ұстаған бақыт құсының осыншалықты айнымалы болып, енді міне уысынан шығып бара жатқанын ойлағанда, шығарға жаны қалмай, тым беймаза күйге түсті. Жаралы аңдай, бір мезеттің ішінде суық тартқан қала көшелерімен беті ауған жаққа келе жатқан келіншекке Батырбек осы уақыт ішінде кемі он рет телефон соққан шығар. Қоңырауға жауап беруге құлқы соққанды қойып, әлдебір жеккөрінішті сезімнің жетегімен жауап беруге арланды.

Бір жағы тапталған әйел намысы, екінші жағынан әп-сәтте бұлыңғыр тартқан белгісіз болашақ та үркітіп, Әсемнің жан дүниесі аласұра сілкінді.

Алай-дүлей сезімнің жетегімен жаны аласұрған келіншек осы шарасыз қалыпта көшеде көп жүрді. Тек бір мезетте ғана әлдеқандай шешімге келгендей, телефонын шығарып, әлдебір нөмірді терді. Ар жақтағы дауыс лезде жауап қатты:

– Иә, Әсем Мұратовна, – деген шопыр Әсеттің ашық дауысы естілді.

– Әсет, маған жедел арада Ботагөздің мекенжайы керек!

Әсет бірден жауап бере алмай, күмілжи берді.

– Қобалжыма, менің тек ол қызбен ұрыс-керіссіз әңгімелесуім керек.

Шопыр жігіт енді әрі қарай тартынудың орынсыз екенін түсініп қыздың адресін берді.

Бұл кезде уақыт түн ортасына тақап қалған шақ еді. Жолай такси ұстаған Әсем тоғыз қабатты биік үйді қиналмай тапты. Кіреберіс есікке келісімен, әлгіндегі аласапыран ашу бәсеңсіп, енді нендей амал жасауы керектігін түсінбегендей, абдырап тұрып қалды. Сосын батыл бір шешімге келіп, есіктің қоңырауын қаттырақ басты. Бірақ ешқандай жауап болмады. «Неге, әлі келмеген бе?», – деп ойлады.

Сөйтіп тұрғанда, іштен ит жетелеген бір еркек атып шықты. Әсем де көп ойланбастан, ішке қарай зып беріп кіріп кетті.

Бесінші қабатқа да жылдам көтерілді. Алаңқайда тек екі ғана пәтер бар болып шықты. Қажетті пәтердің қоңырауын қайта-қайта басқанымен, тағы да еш жауап болмады. Тек бір мезетте ғана есіктің сәл ғана ашылып тұрғанын байқады. Мыналар сорақы қылықтарын енді қыздың үйінде жалғастырғаннан сау ма өзі деген сумақай ой заматта санасын тілгілеп өтті. Осы оймен есіктен ішке аттай бере тың тыңдағандай тұра қалып еді, ешқандай сезікті үн не дауыс естілмеді. Амал жоқ:

– Ботагөз! – деп әлденеше рет дауыстап еді, оған жауап берер ешкім болмады. Оң жақтағы ас үйде жарық бар екен, аяғын ептеп қана басып сол жаққа жақындап келді. Үстел үсті жиылмапты. Жеңіл тіскебасар, басталған бір шөлмек шампан мен екі фужер стақан тұр. «Мәссаған, мыналар ұяттан жұрдай екен, махаббат ойындарын енді түк болмағандай, үйлеріне келіп жалғастырған болып шықты ғой!» деп ойлаған Әсемнің қаны қайтадан басына тепті.

Дәліз бөлме арқылы енді төр бөлмеге қарай аттай берген Әсем едендегі қалы кілемнің үстінде шалқасынан үнсіз жатқан Ботагөзді көріп қалт тұрып қалды. Қыздың екі қолы екі жаққа жайылған, беті қан, тіршілік белгісінен ада қалыпта сұлық жатыр. Мына көріністен зәресі қалмай ұшып кеткен Әсемнің төбесінен әлдекім суық су құйып жібергендей шошып, қалшиып тұрып қалды. Жылдам есін жиып, қыздың денесіне арқасын бере қалт бұрылып, инстинкті түрде сыртқа атып шықпастан бұрын, жерде жатқан таныс қаламға көзі түсті. Таныс болатыны, онда күйеуінің фирмасының логотипі жазылған еді. Әсем қаламды еңкейе бере тездетіп қалтасына салып ала қойды.

Ботагөздің қонысынан шыға бергенде, қарсы жақ пәтердің есігі ақырын ғана жабылып, есіктің көзшесі жарыққа жарқ етіп көрінді. Яғни, көрші адам мұны байқап қалып, енді тесіктен қарап тұр.

Әсем тез есін жиып, сыртқа жүгіре шықты. Оқиғаның бұлай боларын болжамаған келіншекке енді бағанағы байбаламы ойыншық тәрізді көрініп кетті. Мына жерде кісі өліп жатыр. Және де оған алғашқы күдіктілердің бірі өзі.

Таксиде келе жатқан келіншектің шақшадай басы шарадай дейтін күйге енді анық түсті. Бұл не болғаны сонда? Жағдайдың бұлайша аса қатерлі болып өрістеуіне кім кінәлі? Әрине, өзі. Күйеуінің офисіне барып несі бар еді?! Бағанағы көріністің үстінен түспесе, тап осындай оқыс оқиға болар ма еді?! Тегі, күйеуі Әсемнің телефон қоңырауына мүлдем жауап бермеуінен қорқып, ыза болып мына қыздың үйіне келіп, екеуара жанжал шығып, бойжеткенді әдейі болмаса да, қапыда өлтіріп алған.

Әсем үйіне осындай ауыр ойлардан әбден қажып оралды. Келсе, Батырбек өң-түс жоқ, боп-боз болып мұны күтіп отыр екен. Жалма-жан кешірім сұрауға көшті.

Оның әр нәрсенің басын бір шалып, ақтала сөйлеген сөзін шала-шарпы тыңдаған Әсем бір кезде есін жиып, ызаға толы болса да, сабырлы дауыспен:

– Батырбек, ендігі жерде сенің сөзіңнің ешқандай мәнісі жоқ, – деп барып тыныстаған сәтте:

– Кешірші мені..., – деп сандырақтаған кісідей бір сөзін қайталай берген күйеуіне Әсем:

–Ботагөз өлі..., – дей бергенде, Батырбектің көзі шарасынан шығып кете жаздады.

– Не дейсің?! Қалайша? Кім оны? Сен қалжыңдап тұрсың ба? ..., – дей берді бозарған үстіне бозара түсіп.

– Жоқ! Ол өлі. Мен оны өз көзіммен көріп келіп тұрмын.., – деді Әсем дауысы шығар-шықпас болып.

– Сенбеймін! Сене алар емеспін! – деп Батырбек есі ауысқан кісідей, бақырайған көздері шарасынан шығып кетердей Әсемге алақ-жұлақ етіп қарай берді. Сөйтті де, есіне бір нәрсе түскендей, Әсемге әлдебір жұмбақты сұраулы түрмен үңіле көз жүгіртті. Әсем бұл көзден «Сен өзі ашу-ызамен ана қызды өлтіріп алған жоқсың ба?!» деген үрейді оқыды.

– Иә, Ботагөз бұ дүниелік емес енді, – деді әйел барынша сабырмен. – Жанынан мына қаламды таптым. Бәлкім, сен білерсің оның мұнда қалай жатқанын? Әлде байқамай қолың қатты тиіп кетіп, сасқаныңнан қызды тастай қаштың ба?

Батырбек бұған сен шын айтып тұрсың ба осыны дегендей шошына қарады. Күйеуінің болмысы мен жан-дүниесін жатқа білетін Әсем бұл көзқарастан күйеуінің мына қылмысқа қатысы жоқ екенін түйсігімен сезді.

Өң-түсі қалмаған Батырбек сұлық отырған қалпы:

– Сен ашулы күйде шығып кеткен соң, Әсетке қалған қызметкерлерді үйді-үйлеріне таратып таста деп тапсырдым. Өзім жұмыста қалып, саған қайта-қайта телефон соғумен болдым. Жарты сағат өтті ме, өтпеді ме, Әсеттің көлігінен Ботагөз қоңырау шалды. «Үйге кел, сөйлесетін сөз бар», – деді. Мен барсам барайын деп ұйғардым. Саған Алланың атымен ант етейін, шынымен де, бұдан былай арамыз осымен тоқтасын, өзіңе басқа жігіт тауып ал, жұмыстан да шығасың деп айтпақшы болдым, – деді.

– Сосын...

– Дәл солай жасадым да. Бірақ Ботагөз менің сөзімді естігісі келмей, ашу-ызамен ағайлай сөйлеп, байбалам сала бастады. Мына түрімен адам тыңдайтындай еместігін түсініп, кеудесінен қатты итеріп тастап, шығып кеттім. Бар болғаны сол, – деді шарасыз Батырбек бұдан көмек сұрағандай жалынышты кейіпте.

– Сонда кім? – деп Әсем бөлме ішінде арлы-берлі жүре бастады. – Шынын айтқанда, мен оған өте ашулы келгенмін. Ашуымның қатты болғаны соншалық, тіпті, жазым етуім де мүмкін еді. Оның өлі денесін көргенде, ол жерден кеткенше асықтым. Ең сорақысы, менің одан шығып бара жатқанымды қарсыдағы көршісі көріп қалды...

Еркек емес пе, алдымен есін Батырбек жылдам жиды. Сағатына қарап:

– Қазір түнгі сағат екі. Таңертең оның өлі денесі табылады. Біз осы бес-алты сағаттың ішінде оның өліміне нағыз кінәлі адамды анықтауға тиіспіз!

– Қалайша?! – деді Әсем үрей аралас таңданыспен.

– Бізде басқадай жол жоқ! Кешіре алсаң, кеш мені, Әсем!

Келіншек күйеуіне еркінен тыс емірене қарағанын сезбей де қалды. Қаншама қиналып тұрса да:

– Кешірдім. Абақтының алдында кешірмеске не шара?! – деп қыршаңқы тілмен зілді әжуасын да ұмытпады.

– Қайдағыны айтпа, жаным! Жүр, ас үйге өтейік, қағаз бен қалам алып келші.

Тумысынан сабырлы жігіт еді, дегенмен, уақиғаның тым қауіпті белең алып бара жатқанын сезгендіктен, уақыт тым кеш болса да бала кезден бірге өскен қимас досы, бүгінде қаладағы криминалдық полиция басқармасының тергеу бөліміне жетекшілік ететін Абылай Қайсеновке қоңырау шалуды ұйғарды. Мұндай түнгі қоңырауларға әбден еті үйренген подполковник телефонды бірден көтерді. Және де ол түнгі қоңырау иесі өзінің жақын досы болса ше!

Батырбек қысқаша амандық-саулықтан соң болған жайды жылдам баяндады. «Күтіңдер, қазір келемін!», – деген Қайсенов жеткенше, қолына қағаз алып, сызба жасай бастады.

* * *

Батырбектен қозы көш жерде, дәрігер әйелімен қызметтік пәтерде тұрып жатқан подполковник Қайсенов досының үйіне жарты-ақ сағаттың ішінде жетіп келді.

**Сайлау ТӨЛЕУ**

***(Жалғасы бар)***

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
**Алматы** Нұрбол Әлдібаев
**облысы** 8 701 357 66 84.
**Ақтөбе** Жансая Есмағанбетова
**облысы** 8 705 398 62 83.
**Атырау** Боранбай Ғалиев
**облысы** 8 775 543 03 80.
**Маңғыстау** Жазира Әбіл
**облысы** 8 702 514 54 44.
**Қызылорда** Гүлбану Мақажан
**облысы** 8 701 697 39 86.
**Түркістан** Сейітхан Құлмаханбетов
**облысы** 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
**Батыс** Нұрлыбек
**Қазақстан** Рахманов
**облысы** 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**
050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5066 дана**
**Апталық таралым 10 132 дана**

Тапсырыс №105 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31